



Сыр бойы

№171 (21047) 11 қараша, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА АЛҒЫС ХАТ ЖОЛДАДЫ

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, аймақтың дамуына серпіліс берген жобалармен танысты. Сыр жұртшылығы Президентіміздің бірлік пен тұрақтылыққа, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамаларын қолдап келеді.

Аймақтағы игілікті істердің жүзеге асуына ерекше қамқорлық көрсеткенін жақсы біледі. Өйткені саяси-экономикалық реформалардың нәтижесі Қызылорда облысының бүгінгі даму серпінінен анық байқалады. Мемлекет басшысының өңір жұртшы-

лығымен кездесуде айтқан әлемдегі ахуал, су тапшылығы, жастар тәрбиесі, жасанды интеллект дәуірінің жаңашылдықтарын пайдалану туралы пайымдары баршаға ой салды. Әсіресе, Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік

кітапхананы Қызылорда қаласында салу туралы бастама жұртшылықты қуанышқа кенелтті. Президенттің: «Облыс жалпы жақсы дамып келе жатыр. Қарқыны жоғары» деген оң бағасы ынтымағы мен бірлігі жарасқан Сыр халқының мерейін өсірді.

Сапардан соң, қызылордалықтар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына хат жолдап, алғыс білдірді.

«Сізге барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз. Әділетті, Қуатты, Таза Қазақстанды

күру жолындағы барлық бастамаларыңызды қолдаймыз! Тәуелсіз еліміздің дамуына бағытталған тарихи миссияңызға мол жетістік, мықты денсаулық және сарқылмас жігер тілейміз!» делінген хатта.

Сыр жұртшылығының атынан жолданған алғысты жеткізгендер арасында Қазақстанның Еңбек Ерлері, ардагерлер мен әйелдер кеңесі, қоғамдық кеңес, зиялы қауым, азаматтық қоғам өкілдері мен жастар бар.

«СБ» ақпарат

/// САЛТАНАТ



ӨНІРДІҢ ДАМУЫ – ЕЛДЕГІ РЕФОРМАЛАР ЖЕМІСІ

ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӨЛІБАЕВТЫҢ ӘР САЛАДАҒЫ ЕҢБЕК ОЗАТТАРЫН МАРАПАТТАУҒА АРНАЛҒАН «ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, БІРЛІГІ БЕКЕМ СЫР ЕЛІ» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРАДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қадірлі жерлестер!
Құрметті жиынға қатысушылар!

Биыл – еліміз, өңіріміз үшін тарихи мерейтойлар жылы!

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл, тәуелсіздігіміздің ең басты кепілі – Конституциямызға 30 жыл, этносаралық келісім саласындағы негізгі институт Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл толуға.

Ұлтымызға «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорда қаласының Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өттік.

Бүгінде Қазақстан дүниежүзіне орта державалы ел ретінде танылуға.

Ұлттық экономиканы дамыту ісі халықтың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтауға, халықаралық беделін күшейтуге бағытталуда.

Өткен аптада Президентіміз «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысты.

Екі ел компаниялары жалпы сомасы 17 млрд доллардан асатын келісімдерге қол жеткізді.

Бұл сапар Қазақстанның Орталық Азиядағы жетекші рөлін күшейтіп, АҚШ пен аймақ арасындағы басты дәнекер ел ретіндегі позициясын арттырды.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүргізілген конституциялық реформа еліміздің жана тарихындағы маңызды оқиға болды.

Бұл мемлекеттің негізгі институттары арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу арқылы барынша әділ саяси жүйе құруға мүмкіндік беруде.

Әлеуметтік салада жаңа заманның шақыртуларына сай жаңашылдықтар енгізілуде.

Ғылым, білім, мәдениет озық ойлы ұлт болуға ықпал ететін басты үш тірек ретінде жарияланды.

Президентіміздің Әділетті қоғам идеясы, «Адал адам», «Таза Қазақстан», «Заң мен Тәртіп» қағидаттары қоғамдық сананың жаңғыруына оң серпіліс беруде.

Бүгінде әлемде геосаяси, экономикалық, климаттық, демографиялық, көші-қон факторларынан туындайтын түбегейлі өзгерістер орын алуда.

Жалпай цифрландыру, жасанды интеллектінің негізінде жаңа технологиялық тәртіп қалыптасуда. Бұл үдерістер қоғамның әлеуметтік құрылымдарына, соның ішінде Қазақстанға едәуір ықпалын тигізеді.

Президентіміздің заманның сын-қатерлеріне лайықты төтеп беруде дайын болуға қатысты тапсырмаларын іске асыру – біріміз үшін бірінші кезектегі мәселе.

Қадірлі жерлестер!

Өздеріңізге белгілі, 2022 жылы Президентіміз үлкен сенім артып, туған жерімізге қызмет етуге мүмкіндік берді. Бұл – менің еңбек жолымдағы аса жауапты кезең.

Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің тапсырмаларын орындау, халықтың сенімін ақтау зор жауапкершілікті жүктейді.

Дана халқымызда «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» деген. Қазақтың жарқын болашағына кіршіксіз қызмет ету – әрбір азаматтың ар алдындағы қасиетті борышы.

Бүгінде әлемдегі тұрақсыздық, экономика мен халықаралық саясаттағы сәт сайынғы өзгерістер кезеңінде уақытпен санаспай күнітүні әріптестерімізбен бірге аймағымыздың өсіп-өркендеуіне, заман көшінен қалмай дамуына аянбай еңбек етудеміз.

2-бет

/// СҰХБАТ



СЫР ЕЛІ – ЖҮРЕГІМНІҢ ТӨРІНДЕ

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, 2007-2008 жылдары Қызылорда облысын басқарған академик Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед Сыр еліне келді. Газет оқырмандарына айтулы азаматтың облыстың өткені, бүгіні және болашағы жайлы ой-толғамдарынан құрылған сұхбатымызды ұсынамыз.

– **Құрметті Мұхтар Абрарұлы, Сыр еліне қош келдіңіз!**

– Рахмет, айналайын! Облыс әкімі қызметінен кетсем де Сыр елінен алыстаған емеспін. Қандай қызметте жүрсем де облыстың жай-күйіне жанашырлық танытып, оның өсіп-өркендеуіне қолымнан келгенше көмегімді аяған емеспін. Сыр елі мен үшін ата-бабамның рухы мәңгілік байыз тапқан киелі өңір ғой. Қайда жүрсем де Сыр елі жүрегімнің төрінде болады. Сол тамыры тереңнен тартқан өңірге тағы бір зиярат ету үшін келдім.

– **Көзі қарқты оқырман Сіздің кәсіпкерлікке ғылым арқылы келгеніңізді жақсы біледі. Сұхбатымызды өткен күндер белесінде қалған осы әңгімеден бастасақ деймін...**

– Мен университет бітірген соң он жылға жуық сол кездегі Қазақ кеңес энциклопедиясының бас редакциясында академик Манаш Қозыбаев, академик Рымғали Нұрғали сияқты ғұлама ғалымдардың жетекшілігімен қызмет істедім.

Ел тәуелсіздік алғаннан кейін бір жарым ай өткенде, дәлірек айтсам, 1992 жылдың 4 ақпанында кәсіпкерлікке ауысып, нарықтық экономиканың асау толқындарының жалына жармастық. Қандай қызметте жүрсем де ғылымнан қол үзбедім. Сол аумалы-төкпелі заманның өзінде академик Манаш Қозыбаев ағамыздың жетекшілігімен тарих ғылымынан кандидаттық, заң ғылымында бір өзі тұтас мектеп қалыптастырған ғұлама ғалым, академик Салық Зимановтың жетекшілігімен «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастары» тақырыбында заң ғылымынан докторлық диссертация қорғадым.

Шынымды айтайын, жас күнімде министр, әкім болуды, тіпті саяси қызметке араласуды

армандаған емеспін. Өйткені партияны былай қойғанда комсомолда бір күн қызмет істеген емеспін, тіпті топтың комсоргі болып та көрмеппін. Бірақ ұстаздарыма қарап бой түзеп, қайткен күнде 40-жасқа дейін докторлық диссертация қорғауды мақсат еткенім рас және оны орындап шықтым.

– **Иә, Сіз 1999 жылы 39 жасыңызда алғаш сенатор болып сайланғанда ғылым докторы болдыңыз ғой...**

– Дәл солай. Жалпы мені депутаттыққа түсуге тоқсаныншы жылдары-ақ үгіттей бастаған. Кәсіпкерліктің арқасында қаржылық мүмкіндігім де болды. Оның үстіне ешкімнің көмегісіз-ақ өз үгітімді өзім жүргізе алатын едім. Бірақ сол сайлауларда орын алған бітпейтін дау-дамай, бет жыртысулардан бойымды аулақ салдым.

Докторлық дипломым қолға тиген соң кәсіпкерлікпен қатар Әл Фараби атындағы Ұлттық университетте ұстаздығымды қоса жалғастырып жүрген 1999 жылдың қарашасында мені Оралбай Әбдікәрімов, Шәмша Беркімбаева, Гүлжан Қарағұсова, т.б. бір топ қайраткерлермен бірге сенаторлық қызметке тағайындады. Кейін дәл осы топтан бірнеше министр шықты. Менің үлкен саясатқа келуімнің қысқаша тарихы осындай.

– **Сенатта қандай қызмет атқардыңыз?**

– Әуелде қатардағы сенатор болдым. Көп ұзамай әріптестерім мені сол құрамдағы жалғыз заң ғылымының докторы ретінде сенім білдіріп, Заннама және сот-құқықтық реформа комитетінің хатшысы етіп сайлады. Келесі жылы Сенатта Әлеуметтік-мәдени даму комитеті құрылғанда үш үміткерден тұратын баламалық негізде осы комитеттің төрағалығына сайландым.

2-бет

ӨНІРДІҢ ДАМУЫ – ЕЛДЕГІ РЕФОРМАЛАР ЖЕМІСІ



Суретері түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

Елімізде жүргізілген саяси-экономикалық реформалар өз нәтижесін беруде. Оның айқын көрінісі бүгінгі Қызылорда облысының даму серпінінен анық байқалады.

Аймағымызда атқарылған тиімді жұмыстармен танысу үшін Президентіміз екі рет арнайы іссапармен келді. Әрбір сапарында өңіріміздегі өзекті мәселелердің шешілуіне қамқорлық жасап, қолдау білдіреді.

2023 жылдың сапарында Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы автомобиль жолын 4 жолақтыға ауыстыру бойынша берген тапсырмасына сәйкес, бүгінде жобалау жұмыстары аяқталды. Келесі жылы құрылысы басталады.

Қызылордалықтардың арманына айналған бас шаһарды ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты.

Осы жылдың 30 қазанындағы сапарын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалымен танысудан бастап, әлеуметтік нысандар мен өндіріс орындарында болды. Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысын баяндады.

Мемлекет басшымыз Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхана Қызылордада ашылатындығын жеткізді. Бұл бастаманы жерлестеріміз зор қуанышпен қабылдауда.

Кітапхана – көркем ойымыздың кепілі. Әйгілі ақын Рәсул Ғамзатов «Кітап – үйдің ашулы тұрған терезесі» дейді. Жаңа нысан жерлестеріміздің рухани тынысын ашатын тәрбие мен тағылым үйі болмақ!

Сапар қорытындысымен Мемлекет басшымыз алға қойған жоспарларды уақытылы әрі сапалы іске асырудың маңызын атап өтті.

Аймақта инвестициялық климатты жақсарту, бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды. Президентіміздің Сыр өңірінің даму қарқынына, атқарылған жұмыстарға берген оң бағасы бәріміз үшін зор мәртебе. Бұл – ерекше қолдаудың, ұтымды ұйымдастырудың, бірлесе атқарған жұмыстың нәтижесі. Бұл баршамызды жаңа жетістіктерге жетелейді. Бізге тоқ-мәйісуге болмайды. Мемлекет басшымыздың ерекше қамқорлығы бізге еселенген жауапкершілікті жүктейді. Президентіміздің жоғары бағасына, ерекше қолдауларына барша Сыр жұртшылығының атынан зор алғысымызды, шынайы ризашылығымызды білдіреміз!

Қадірлі қауым!

Қазіргі тарихи кезеңдегі Қазақстандағы реформалар өз ауқымымен, терең мазмұнымен ерекшеленеді.

Аз уақыт ішінде Президент реформалары ұлттық мүдделердің бар салаларын – экономика мен саясаттан бастап, рухани болмыс пен ұлттық бірегейлікке дейін түгел қамтуда.

Кез келген жалпыұлттық реформа тек мазмұнымен ғана емес, өз кеністігімен де мәнді. Себебі әрбір өзгерістердің негізі – еліміздің өңірлерінде.

Өйткені мемлекет өңірлерден құралады. Сол жерде халық өмір сүреді, еңбектенеді, жаңа идеяларды жүзеге асырады. Реформалар да аймақтардағы нақты іс пен нәтиже арқылы жүзеге асады.

Мемлекет басшымыз ұсынған «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты ел дамуының темірқазығына айналды. Бұл – халықтың ынтымағын нығайтып, мемлекеттің қуатын арттырады.

Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру жолында Сыр халқы да бекем бірліктің, ерен еңбектің үлгісін көрсетуде. Өңіріміздің барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етілді.

Кейбір көрсеткіштердің мәнін терең түсінуіміз қажет. Өйткені, ол – жай ғана статистика емес, жерлестеріміздің еселі еңбегінің жемісі.

Биыл облысымыздың бюджеті 851 млрд 300

млн теңгеден асты. Өңірге тартылған инвестиция көлемі 720 млрд теңгеге жетті.

Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Бүгінгі еңбектің игілігін болашақ ұрпағымыз көреді деп сенеміз.

Қадірлі қауым!

Биылғы жылдың 5 қарашасында Мемлекет басшымыздың Жарлығымен Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді.

Бұл – елімізді жүйелі жаңғыртудың жаңа кезеңінде қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік сипаттағы маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдауға негізгі бағдар болатын маңызды құжат.

Еліміздегі ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге, біртұтас, жауапты, озық ойлы ұлтты, Әділетті Қазақстанды құруға ықпал етеді.

Президентіміз Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда келесі 5-ші отырысты Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Бұл шешімді барша сырбойылықтар зор қуанышпен қабылдады.

Ұлттық құрылтай – идеологиямызды, ұлттық мүддемізді қалыптастыратын саяси алаңға айналды. Сыр өңірінде өтетін Ұлттық құрылтайдың отырысын жоғары деңгейде өткізу мақсатында алдын ала дайындық, ұйымдастыру жұмыстары қарқынды жүруде.

Баршанызды ұлтмыздың тарихында алтын әріптермен жазылатын саяси маңызды жиынды жоғары жауапкершілікпен атқаруға шақырамын!

Қадірлі жерлестер!

Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген әрбір жетістіктеріміз – халқымыздың бірлігі мен берекелі еңбегінің жемісі. Аймағымызда еңбегімен елге сыйлы, ісімен ұлтқа өнеге болған азаматтарға лайықты құрмет көрсетіледі. Президентіміздің ерекше қолдауымен 2022 жылдан бастап бүгінге дейін 300-ге жуық жерлесіміз мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың 50 пайызға жуығы – қарапайым еңбек ардагерлері мен озаттары.

Мемлекет басшымыз жұмыс сапарының қорытындысымен бірқатар жерлестерімізді мемлекеттік наградаға ұсынуды тапсырған болатын. Бүгінгі маңызды жиында осы наградаларды табыстайтын боламыз.

Бұл – Президентіміздің Сыр өңірі халқына ыстық ықыласы мен бірлесіп атқарған жұмысымызға берген оң бағасы деп білеміз.

Барша Сыр жұртшылығы атынан туған жерімізге әрдайым ерекше ықыласымен қолдау білдіріп келе жатқан Мемлекет басшымызға тағы да шынайы алғысымызды білдіреміз!

Қадірлі қауым!

Құрметті жерлестер!

Аймағымызда атқарылып жатқан қай істе болмасын әрбірлеріңіздің қолтаңбаларыңыз бар. Сіздер барлық бастамаларымыз бен жобаларымызға үлкен қолдау білдірулесіздер. Біз оны күн сайын ерекше сезініп келеміз.

Президентіміздің біздерге қойған талабы да, Өзіміздің азаматтық парызымыз да халық сенімін ақтау жолында адал қызмет ету.

Алдағы уақытта да туған жерімізді өркендетуге шынайы жанашырлықпен атсалыса берейік.

Ата-бабамыздан мирас болған мәдениетіміз бен ұлттық дәстүрлерімізді сақтаған, ана тілімізді биік тұғырға қондырған халқымыз бекем бірлігімен жасай бергейі!

Қойнауы қазынаға толы, шешпеген тамыр тартқан Сыр өлкесінің келешегі мен, болашағы жарқын болсын! Баршаныздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!

Егемендігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев және зиялы қауым өкілдері мен құқық қорғау органдарының басшылары арнайы қатысты. Алаудан әкімдері мен активтері бейнебайланыс арқылы тамашалады.

Шараны облыс әкімі Н. Нәлібаев ашып, өңірде атқарылған ауқымды жұмыстар мен қол жеткізген табыстарға тоқталды.

Салтанат сахнасында аймақтың дамуына, көркеюіне ат салысып, үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мемлекеттік марапаттарды табыстады.

Онан соң Парламент Сенатының депутаты Н. Байқадамов сөз алып, аймақтағы жетістіктердің барлығы тынымсыз адал еңбектің, бірліктің нәтижесі екенін тілге тиек етті.

Шара Сыр өнерпаздарының концертіне ұласты.

«СБ» ақпарат

СЫР ЕЛІ – ЖҮРЕГІМНІҢ ТӨРІНДЕ



Қаланың бас жоспарын талқылау

Комитет жаңадан құрылса да азулы болды. Комитет хатшылығына ең жас, батыл сенатор, кез келген шенеунікті оңдырмай сынайтын Уәлихан Қайсаровты ұсындым. Ол кезде өзім де арындан тұрған жас едім. Уәлихан кейін бірнеше мәрте Президенттік сайлауға түсті.

Комитет құрамында кезінде Архитектура-құрылыс институтында ректор болған профессор П. Артрушкевич, денсаулық сақтау саласының білгірі, профессор Н. Қаюпова сияқты елге танымал тұлғалар болды. Сенат мені шыңдады. Сол жылдарда бірге атқарған қызмет үшін Сенатқа да, әріптестеріме де бек ризамын.

– **Бұдан кейінгі қызмет баспалдығында Сіз министр қызметіне тазайыңдалдыңыз...**

– Дәл солай. Бұл кезде мен ақындар көп жырга қосатын «қыннан шыққан қылыштай» дейтін түп-тура қырық жаста едім.

Мамыр айының басында ойда жоқта Президент шақырды. Ойымда дәнене жоқ, ашылғанына бір ғана жыл болған жаңа комитеттің жұмысымен танысқысы келген болар деп комитеттің атқарған жұмысы жайлы ақпаратты жүйелеп, Мемлекет басшысының қабылдауына келдім. Ол кісі менің есебімді асықпай тыңдап шыққаннан кейін маған Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің қызметін ұсынды. Мен алғашында не дерімді білмей абырап қалдым. Көп ұзамай: «Бұл қызметті Алтынбек Сәрсенбаев атқарып отыр ғой және өте білімді азамат», - дедім. Ол кісі: «Алтынбекпен араларыңның жақын екендігін білемін. Оған басқа қызмет ұсынамын» деді мәселенің алдын ала шешіліп қойылғанын аңдатты. Мен мемлекеттік қызметте тәжірибемнің аздығын алға тартып, сенаторлық қызметті атқара беруге ыңғай танытып едім, Президент бастырмалата:

«Білемін. Өмірбаянына қарап отырсам,

Қазақ энциклопедиясында он жыл қызмет атқарыпсың. Оның басшылары академик М. Қозыбаев пен академик Р. Нұрғалиевті де білемін. Бірнеше мәрте жүздескенмін. Ұстазың Салық Зимановты да жақсы танимын. Егемендік Декларациясының қабылдануына зор еңбек сіңірген ғалым. Бір жағынан сенің партия, комсомолда қызмет істемегенің де жақсы. Тыңнан жол табуға, өз бетінше шешім қабылдауға ұмтыласың.

Министрдің қалай жұмыс атқаратынын Сенатта көрдің. Оның үстіне сенің кандидатуранды Премьер-министр Қасым-Жомарт Тоқаев қолдап отыр» деп, шегінерге жер қалдырмады.

Мен келісім беріп, дәлізге шыққанда қарсы алдымнан Қасым-Жомарт Кемелұлы шықты. Жылыұшырай амандасып: «Мұхтар Абрарұлы, мен бәрінен хабардармын. Сіздің кандидатураныңызды бірден қолладым. Бірге жұмыс істейтін боламыз» деп мәселенің алдын ала келісіліп қойғанын хабар бере сөйледі.

Сіз қойған сұрақтың қысқаша жауабы осындай.

– **Кейінгі реформалар кезінде Үкімет құрамы жңі өзгерді. Қазір мұндай министрлік жоқ. Ол кездегі жағдай қандай еді?**

– Дұрыс айтасыз. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігі қаржы-қаражаттың тапшы кезінде, мемлекеттік құрылымдар жаппай онтайландырып жатқанда құрылды. Оның құрамына бір кездегі Өзбекәлі Жәнібековтей аса көрнекті қайраткер басқарған Мәдениет министрілігі, Шерхан Мұртаза жетекшілік еткен Телевизия және радиохабарлар мемлекеттік комитеті, Шерияздан Елеукенов ағамыз шыңдаған Баспа, полиграфия және кітап саудасы мемлекеттік комитеті, Олжас Сүлейменов өрге сүйреген Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылған Сұлтан Оразалин негіздеген Тіл комитеті, бұған қосымша Министрлер Кеңесі жанындағы Архив (мұрағат) бас басқармасы мен Дін істері жөніндегі басқарма сияқты мемлекеттік құрылымдар кірді. Бәрі бас қосқанда министрлік деңгейіндегі алты құрылым мен екі басқарма. Бәрі қосқанда 8 құрылымнан тұратын үлкен министрлік болды.

Жаңа қызметке кіріскен күннен-ақ мен оған барымды салдым. Бәрі айтсақ ұзаққа кетіп қаламыз. Соның ішінде 2003 жылдың сәуір айынан бастап қолға алып, тамыз айында Президенттің бекітуінен өткізген, қазақ халқының арғы-бергі тарихындағы руханият мұраларын түгендеуге арналған «Мәдени мұра» бағдарламасын айрықша айтар едім. Бұл он жылдай бойы – 2003-2014 жылдар арасында жүзеге асырылған бірегей жоба болды. Бір ғажабы, Қызылорда облысы әкімдігінен министр қызметіне ауысқанда екінші мәрте бас-тапқы қарқыны бәсеңдеп қалған жобаны одан әрі жалғастыру мүмкіндігіне ие болдым.

1-бет

Тіл мен ақпарат өзектес сала ғой. Сол кезде республикалық, облыстық деңгейде саңырау-құлақтай қаптап кеткен жекеменшік теле-радио ақпарат құралдарындағы қазақ тілінің үлесі 5-10 пайыздан аспайтын. Кей облыстарда бірде-бір минут қазақша хабар таратпайтын құрылымдар да болды. Соларды тезге салып, қазақ тіліндегі хабарлар үлесін кемінде 50 пайызға жеткізуге күш салдық.

Кітап шығару, кино түсіруде қордаланған проблемалар шешімін таба бастады.

– **Иә, «Мәдени мұра» бірегей жоба болды. Соның негізінде әр өңірдің өз «Мәдени мұрасы» жасалып, қазақтың ежелгі мәдениеті қайта жаңғырды. Әзігіміздің жемісі Сіздің Сыр еліне келуіңіздің тарихына ойысқан тәрізді...**

– Мен министр қызметінен 2003 жылдың қыркүйегінде алындым. «Мәдени мұраға», тіл тағдырына алаңдағаным болмаса, көп қынжыла қойған жоқпын. Қиын-қыстау кездерінде мені үнемі қолтығымнан демеп, күш-қуат беріп алып шығатын ерекше күдірет бар, оның аты – қалам.

Талай мәрте қызметтен алындым. Мұндайда біреулер сарыайымға түсіп, депрессияға ұшырайды. Мен қаламға, жинақтаған ғылым-білімнің күшіне сүйенем. Жазуға отырамын. Сағынысып, қайта табысқан досыммен қуана қауышып, екпіндете, өндіре жазамын.

Алғаш қызметтен кеткенде жазуға отырдым және жазбаларым жарыққа жетіп, ол кездерде жүздеген мың тиражбен басылатын газеттерде жарияланып жатты. Осының бәрін көріп-біліп отырған Президент мені қайтадан қызметке шақырды. Әуелі кеңесші, кейін баспасөз хатшысы, кейін Президент Әкімшілігінің басшысы қызметіне дейін өсірді.

Жасырып қайтпейін, әуелгіде іштей ренішім болса да ұсынған лауазымнан бас тартпай, бір кездері өзім бастаған жобаларды жалғастыру үшін тапсырылған жұмысты абыроймен атқаруға тырыстым.

Сөйтіп жүргенде 2007 жылдың қаңтарында маған Қызылорда облысы әкімінің қызметін ұсынды. Бұл кезде мен Мемлекет басшысымен бірге Қазақстанның барлық облысын бірнеше мәрте аралап шыққанмын. Сыр өңірінде жылдар бойы қордаланған күрмеуі күннен проблемалардың молдығынан хабарым бар болса да, ойланбастан бірден келісім бердім.

Бұл – түске таяу болған әңгіме. Президент мәселені кейінге қалдырмай, Премьер-министр мен Әкімшілік басшысына дереу тапсырма берді. Олар қас қарайғанына қарамастан, кешкілік облыс активін Президент Жарлығымен таныстырып, әкім креслосына жайғастырып кетті.

Қазіргі әкімдер баламалық негізде сайланады ғой. Ол кездегі әкімдер тағайындалатын. Осылайша мен балаларымның киелі қонысы болған Сыр елінен бір-ақ шықтым.

– **Қызметіңізді неден бастадыңыз?**

– Шындықты айтқанда, мен Қызылордаға келгенде бір кездері университетте оқыған 2-3 курстастарымнан басқа облыста көп ешкімді танымаушы едім. Сондықтан алғашқы айда жергілікті басшы қызметтегі басшылармен таныстым. Әрине, күндіз күнделікті ағымдағы жұмыс. Оны бір сәтке де тоқтатуға болмайтыны белгілі. Кешкілік аздап жүрек жалған алғаннан кейін, сағат 8-ден түнгі 11-12-ге дейін әрбір департамент басшысы, аудан әкімдерін қабылдап, әрқайсысының есебін, ұсыныстарын тыңладым. Бір күнде – бір адам. Алдын ала график жасадым. Өзім де дайындаламын – оларға да емин-еркін дайындалуға мұрса беремін.

Қызылорда облысына келгенше мен бірнеше Премьер-министр, Президент Әкімшілігінің басшысымен жұмыс істеп, Үкіметтің де, Парламенттің де жұмысымен жақсы таныс едім. Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуді он жыл бойы кәсіпкерлік қызметте меңгердім.

Кеңестік заманнан қалған «Кадр бәрін шешеді» деген қанатты сөз бар. Шындығында, дұрыс айтылған сөз. Жергілікті басшы қызметтегі адамдармен асықпай өткізген кездесулерім өз нәтижесін берді. Көп нәрсеге қанықтым. Түнгі бірге дейін жұмыста отырған кездерім болды.

– **Бұл аппарат қызметкерлеріне ауыр болған жоқ па?**

– Дұрыс байқап отырсыз. Жалпы бірінші басшы орында отыр екен деп бүкіл аппаратты қаңтарып қоюға болмайды. Аппарат қызметкерлерін түгелдей кешкі жұмыс уақыты біткен соң үйлеріне қайтаратынбыз. Менің төңірегімдегі 2-3 адам және кешкі қайталауға келген департамент басшысы немесе аудан әкімі, қура-торлық жасайтын әкімнің орынбасары ғана орнында қалатын.

3-бет

СЫР ЕЛІ – ЖҮРЕГІМНІҢ ТӨРІНДЕ

– *Кадр мәселесіне қайта оралсақ, Кейін тағайындаулар басталды ғой...*

– Иә, бір ай бойы ешкімді жылы орнынан қозғаған емеспін. Бәріне емін-еркін есеп беруге мүмкіндік берілді. Тіпті әрқайсысының ұсыныстарына дейін жазып отырдым. Сол жазбаларым әлі күнге дейін өзімде сақтаулы.

Қазақпыз ғой. Облысқа келісімен-ақ Астана, Алматы жақтан тамыртаныстарын түрлі қызметке ұсынған қоңыраулар шалынып, ұсыныстар айтыла бастады. Бірақ мен тек азаматтардың біліктілігіне ғана қарадым.

Сырттан екі-ақ адам келді. Оның біріншісі – менің ұзақ жылдан бері көмекшім Асқар Смағұлов деген азамат. Екіншісі Бейбіт Ғазизұлы Жүсіповті бір ай бойы үгіттеп, әзер көндірдім.

Шынымды айтсам, Бейбіт Ғазизұлынан, ең алдымен, өзім үйренгім келді. Ол бір кездері А.Браун, В. Гартман, Ж.Кәрібжанов сияқты атағы жер жарған әкімдермен жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтаған адам. Өзі зангер. Арына да, қызметіне де шаң жұтпаған таза адам.

Б.Ғ.Жүсіпов бірінші орынбасар қызметіне тағайындалды. Облыстың кез келген азаматынан сұрауыңызға

институты, қазір Күршінің федералды ғылыми орталығы деп аталатын күшті мекеме бар. Мен әуелі осы мекеменің басшысымен телефон арқылы сөйлесіп, әңгімені пысықтап алдым. Осы жылы мұнайшылардың демеушілігімен құрылған «Демеу» қорынан бөлінген миллион доллардан астам қаражатқа «Лидер», «Янтарь», «Аметист», «Рапан», «Гарант», т.б. жаңа күріш сорттарын алдырып, оны фермерлерге пайызсыз несие ретінде вагон үстінен үлестіріп, сол жылы-ақ жаңа тұқымнан гектарына 60 центнерден астам өнім алды. Кейін дәл осы жаңа тұқымдар Сыр өңіріне әбден жерсініп, облыстағы күріш шаруашылығының өркендеуіне үлкен үлес қосты.

– *Қызылорда облысы күрішпен қатар мал шаруашылығы да дамыған өңір ғой. Бұл салада қандай қызмет атқарылды?*

– Қазіргі жағдайдан толық мағлұматым жоқ, 2007-2008 жылдарда ауыл шаруашылығы облыс экономикасының 3,5 пайызын ғана құрайтын. Әрине, халқының басым көпшілігі аудандық жерде орналасқандықтан, әр үйде мал ұстайтыны белгілі. Қазақ болған соң ет, сүт, құрт-ірімшік, айрансыз отырма? Бірақ тәуелсіздіктің балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен қиын



да күндердің күні алдынан шығатыны хақ еді. Соны ескеріп, Нұрлыбек Машбекұлын облыстың ең ірі ауданы – Шиелі ауданының әкімі қызметіне тағайындадым. Бұл болашақ облыс әкімі үшін үлкен тәжірибе мектебі болды деймін.

Осы тұста Сіздің көкейіңізде тағы бір сұрақ тұрғанын, бәлкім оны сыпайлықпен қоймай отырғаныңызды сеземін.

Оны тағайындауларға ағасы Бердібек Машбекұлының еш қатысы болған жоқ. Бекең екеуміз жақсы дос едік, бірақ ол маған ешқашан «інімді қолдап жібер» деп қолқа салған емес. Өзі Қазақстанның 7 бірдей облысын басқарған азамат інісінің ғана емес, ешқашан облыстағы кадр мәселесіне араласқан емес. Аймақ экономикасының дамуына келгенде ақыл-кеңесін аяған емес.

Нұрлыбек Машбекұлын ешкімнің айтуынсыз өзім тағайындадым. Таланты, тәжірибесі, іскерлігі үшін. Ол сол сенімді молынан ақтады.

Қызылорда проблемасы көп қала ғой. Қала әкімдігіне Серік Салауатұлы Қожаниязовты тағайындадым. Бұл да мықты, мінезді азамат. Алған бетінен қайтпайтыны бар.

Қаланың жай-жапсарымен таныса келіп, оның Бас жоспары жоқтығына таңғалдым. Мұрағаттан Әуелбеков заманында жасалған ескі жоспарды таптық. Қала мүлде өзгеріп, өз бетінше салынған жекеменшік үйлер есебінен дөліппін кеткен. Алматыдағы Нысанбаева Любовь Владимировна дейтін белгілі архитектормен сөйлесіп, оны Қызылордаға шақырдық. Серіктің қаладағы ешқашан бітпейтін қиыршыр шаруаларынан қолы босамалы ма екен, қонағын ренжітіп алған сияқты. Нысанбаева келген ізімен қайтып бара жатқан жерден – әуежайдан қайтарып, қаланың Бас жоспарын осы сәулетші басқаратын «Урбостиль» деген жобалау мекемесіне тапсырдық. Кейін «Қазақстан қала салушылар одағының» төрайымы болып, бірнеше мемлекеттік марапаттарға ие болған бұл маман облыс

атқарған Мұрат Мәжіліс сайлауын заңнама талабына сай адал өткізуге барын салды және өзі де үлкен тәжірибе мектебінен өтті. Бұл кезде барлық министрліктерде жауапты хатшы қызметі енгізіліп, негізгі салмақ аппарат басшысына қарай ауысып келе жатқан. Ол бұл қызметті абыроймен атқарып, кейін облыс атынан Мәжіліс депутаты болып сайланды. Қырыққа енді ғана толған азамат үшін бұл қызмет оның республикалық деңгейде өсуінің алғашқы баспалдағы болды. Кейін Мұрат Абдуламұлы вице-министр қызметіне тағайындалып, екінші қайтара Мәжіліс депутаты атанды. Бүгінде ол халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүрген аулы депутаттар қатарында.

Облыс әкімнің орынбасары лауазымын абыроймен атқарған азаматтардың қатарында кейін екі бірдей министрлікте комитет басқарып, бүгінде Мәжіліс депутаты ретінде биік мінберден аймақ мәселелерін батыл көтеріп жүрген Мархабат Жайымбетұлы Жайымбетов те бар. Оның іскерлігін бүкіл Қызылорда жұртшылығы жақсы біледі. Кәсіпкерлікпен айналысқан жылдары облыс халқына көп демеушілік жасаған нағыз жомарттың өзі. Мен облысқа келгенде Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент басшысы екен. Кейін әкім орынбасары қызметіне жоғарылатылып, мен кеткеннен кейін де өзіне тапсырылған жұмысты бар ынта-ықыласпен атқарды.

Кейін Астанаға тұрақтап қалған тағы бір орынбасарым Жанабай Мұратбекұлы Бексары да Сыр еліндегі серпіліске лайықты үлесін қосты. Ол өте қиын сала – өнеркәсіпті басқарды. Көптеген қиын түйінді мәселелерді сабырмен, салмақпен шеше білді.

Н.Нәлібаев Шиеліге әкім болып ауысқанда аппарат басшылығына үлкен ғалым, қарымды журналист, өзін «Қаратереңнен шыққан қайраткер» деп ат қойған Бауыржан Жұмаханұлы Омаров тағайындалды. Бір кездері қала әкімнің орынбасары ретінде абыроймен қызмет атқарған ол

паниялар түрлі жауапты қызметтерге шақырып, бәрі қызмет бабымен сатылап өсе түсті. Бір кездері мені қолдаған, қолғанат болған, әріптесім ғана емес, туған бауырымдай болып кеткен сол азаматтарға мен де түрлі қызметтерде жүріп ағалық қамқорлығымды аяған емеспін. Әлі күнге дейін қарым-қатынастарымызды үзген жоқпыз.

– *Аудан әкімдері туралы көп ештеңе айтпадыңыз...*

– Here айтпасқа. Осындай орны келгенде айтуымыз керек. Сыр елі – таланттарға аса бай өлке. Оның үстіне Қызылорданың даңқы кеңес заманында аспандап тұрды.

Мен туып-өскен Абай облысының Мақаншы ауданынан екі ғана Социалистік Еңбек Ері шыққан. Бір ғана Шиелі ауданынан 44 Еңбек Ері шығыпты және олардың ерен еңбегін бүкіл қазақстандықтар білді десек, артық айтқандық болмас. Ал соның бәрі өздері басқарған аудан жұмысын дөңгелентіп атқарған әкімдердің, сол кездегі бірінші хатшылар еңбегінің нәтижесі болса керек.

Облысты ғана емес, бүкіл Қазақстандағы экологиялық ахуалы өте қиын Арал ауданын Нәжімәдин Түрікбенұлы Мұсабаев деген ағып тұрған шешен, алғыр азамат басқарды. Жасыратыны не бар, үстінен арыз-құрыз да көп түсетін. Көпшілігі оның атқарып отырған қызметіне түк қатысы жоқ отбасы, ошақ қасынан аспайтын бөстекі, бос әңгімелер еді. Ең қиын заманда нардың жүгін көтерген Ныкана өз басым ризамын.

Облыстың талай бұрынғы бірінші хатшыларымен тіл табысып жұмыс істеген Ибрагим Сражадинұлы Әбibuллаев та өте тәжірибелі басшылар қатарынан еді. Өзі басқарған Сырдария ауданы ғана емес, облыстың жағдайын бес саусағындай білетін адам. Мұндай тәжірибелі қайраткерлерден облыс басшыларының өзі де үйренсе аздық етпейді.

Жалағаш ауданын Өмірбек Мөріліұлы Шәменов басқарды. Оның әкесі Мөрілі ақсақал соғысқа қатысқан ардагер әрі ұзақ жылдар кеңшар басқарған өте мықты адам болыпты. Бұл кісінің бауырынан өрген ұрпақтары шетінен талантты. Осындай әке тәрбиесін көрген Өмірбек Мөріліұлы да өте жақсы қызмет атқарды.

Бәрін бірдей айтып шығу шарт емес болар. Сол жылдары менімен бірге қызмет істеп, Сыр еліндегі серпілісті қамтамасыз еткен азаматтардың барлығына алғысым шексіз.

– *Облыстағы өзге де басшылық құрылымдар мен департамент деңгейінде қызмет істеген азаматтардан кімдерді атап едіңіз?*

– Бәрін айтар болсақ, тым ұзаққа кетіп қалуымыз мүмкін. Жалпы мен қандай қызметте болсам да, орынбасарларыма сеніп қызмет атқарған адаммын. Барлық жұмысты өзі атқарып, бар шешімді өзі ғана қабылдайтын басшыны іскер адам деп айтуға болмайды. Әркім өзі басқарып отырған салаға жауап беру керек. Мысалы, Құттықожа Ыдырысұлы Қаржы департаменті басшылығына Балжан Мөріліқызын ұсынды. Мен қолдадым. Керемет қаржыгер болып шықты. Жыл жарым ішінде облыс бюджетінің еселеп өсуіне Құттықожа ағасы екеуі үлкен еңбек сіңірді. Кейін мен «Нұр Отанға» партиялық қызметке ауысқанда партияның жылдар бойы қордаланған қаржылық проблемаларын Авгийдің ат қорасындай тазалап берген осы екі маман болды.

Мен облысқа келгенде Мейрамбек Шермағамбет аппарат басшысының орынбасары қызметін атқаратын. Көбінесе шаруашылық жағын басқарады екен. Ата-анасы ұстаздар қауымынан. Өзі де ұстаз. Мектеп пен кітаптың арасында өскендіктен білім саласын бес саусағындай біліп тұр. Көп ұзамай оны облыстық Білім департаментінің басшылығына тағайындадым. Ол бүгінде облыс әкімінің әлеуметтік сала бойынша орынбасары қызметін абыроймен атқаруда.

Құрылыс департаментін Сержан Қасқырұлы Нәметша деген нағыз көкжал азамат басқарды. Проблемасы көп сала ғой. Үстінен көп арыз түсті, бұрын да солай болған екен. Төсере келгенде бәрі бос әңгіме болып шықты. Ол да облыстағы құрылыс жұмыстарының қарқынды жүргізілуіне лайықты үлесін қосты.

Сыр елінен талай мықты спортшылар шықты. Жұрт не десе о десін, бір ғана Илья Ильиннің өзі неге тұрарды?! Бұл саланы Садық Шонмұрынұлы Мұстафаев басқарды. Нағыз батыр жігіт. Сол жігіттің жетекшілігімен талай спортшыларымыз халықаралық жарыстарда топ жарды. Ең бұқаралық спорт түрі футбол ғой. Басым көпшілігі қазақ жігіттерінен тұратын «Қайсар» командасына да қамқорлығымызды аямадық. Нәтижесінде үнемі соңғы орындарда жүретін «Қайсарымыз» ұлттық чемпионатта 4-орынға көтерілді.



болады, Бейбіт Ғазизұлы бәрімізге абзал аға, тәжірибелі ұстаз, адал әріпте болып, сенімді молынан ақтады.

Жалпы кадр саясатында таразы басын тең ұстау қажет. Жастарға жол берген жақсы, бірақ оларға жөн көрсетіп, жоба сілтейтін аға буынды да ұмытпау керек. Осы тұрғыдан келгенде осы өңірде дүниеге келіп, бар тұмырын туған жерге қызмет істеуге арнаған екі азамат – Құттықожа Ыдырысов пен Бекмырза Еламанов облыс әкімнің орынбасары қызметіне тағайындалды.

Құттықожа ағамыз кеңес заманындағы бірінші хатшылардан бастап, тәуелсіздік тұсында барлық әкімдермен тіл табысып, ұстараның жүзіндей қылшып тұрған қаржы саласында қызмет істеген. Мықты қаржыгер еді, қай сұрақтың болсын жауабын тауып, қай мәселенің болсын қисынын келтіретін. Облыстың кетеуі әбден кете бастаған бюджетінің еңсесін тіктеуге зор еңбек сіңірді. Мәжіліс депутаттарын сайлау кезінде ол ел ішіндегі беделі зор азамат ретінде партиялық тізімге кіріп, депутат атанды. Екеуміздің сол кезде орныққан жылы қарым-қатынасымыз кейін де жалғасып, депутаттық қызметтен кеткеннен кейін «Нұр Отан» партиясының Аудит басқармасын басқарды.

Бекмырза Қайыпұлы Сыр елінің сырбаз азаматтары қатарынан. Ол да туған жерге туын тігіп, бар күш-жігерін облыстың өркендеуіне жұмсаған қайраткер. Колхоз төрағасы, совхоз директоры, аудан әкімі, облыс әкімнің орынбасары қызметтерімен сатылап өскен. Мамандығы зоотехник болса, күріш өсірудің қыр-сырын өте жақсы меңгерген.

Бір кездері «Ырысты, күрішті Қызылорда» деп әнге қосылған аймақта күріш өсірудің, оның түсімін арттырудың жай-күйі кеңес заманынан көп төмендеп кеткен екен. Оның себебін Шиелі ауданына барғанда өмір бойы күріш өсірумен айналысқан Константин Хван деген ақсақал күріш тұқымының азыуын, ауруынан дөп түсіндірді. Өзі Краснодардан аздап күріштің жаңа сорттарын алдырып, сонысынан мол өнім алып отыр екен. Осының жай-жапсарын Бекмырза Қайыпұлына айтып едім, бәрін білетін болып шықты.

Бекең кеңес заманында күрішті ең көп өндіретін Үндістанда, Еуропада сапалы күріш өсіретін Италияда болып, олардың тәжірибесімен танысқан мықты маман болып шықты.

Көп ұзамай Бекмырза Қайыпұлын Краснодар өлкесіне аттандырдық. Бұл жерде бір кезде атак-даңқы бүкіл Кеңес Одағында дүрілдеп тұрған Бүкілодақтық күріш шаруашылығы

жылдарында мал тұқымын асылдандыруға жеткілікті көңіл бөлінбеген екен. Біртіндеп оның да жолын таптық.

Сол кезде атағы дүрілдеп тұрған Солтүстік Қазақстандағы кейін Еңбек Ері атанған Зенченконың шаруашылығына Бекмырза Қайыпұлын аттандырып, олардан небәрі 1000-1500 долларға 400 бастай екі жасар асыл тұқымды ірі қара мал сатып алып, облыстағы ірі шаруа қожалықтарына бөліп бердік. Сол кезде Ауыл шаруашылығы министрлігі мұндай малды шетелдерден 20-30 мың долларға алатын. Ұшақпен алдырған сол малдың біразы елге жетпей қырылып қалғанын да білеміз.

Қызылорда облысының даңқы кезінде қарақол қойын өсірумен де шыққан. Осы жағын ескеріп, облысқа асылтұқымды қарақол қойы да әкелініп, жергілікті фермерлерге лизингке берілді.

Айта берсек, ауыл шаруашылығы саласында біраз жұмыс атқарылды. Соның бәрін басы-қасында ел үшін туған елгезек жан, өзім әзіл-шыны аралас, «қиямет-қайымдық досым» деп атайтын Бекмырза Қайыпұлы сияқты азамат болды. Оған да алғысым шексіз.

– *Жаңа жас кадрлар туралы әңгіменің де шет-жағасын бастап өдіңіз. Енді осы тақырыпқа қарай ойыссақ...*

– Абай атамыздың «Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер» дейтін қанатты жолдары бар ғой. Жалпы Сыр өңірінен арғы-бергі замандарда қайраткер азаматтар молынан шыққан. Оны тағы бір әңгіменің реті келгенде тарқата айтармыз...

Ал Сіз айтқан жастарға келер болсақ, Сол кездегі жас толқынның тегеуріні мықты болды. Оған асықпай алғашқы бір айда танысқанымда көзім анық жетті.

Әңгімені алыстан орағытпай бүгінгі облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтан бастайын. Солардың ішіндегі ең жасы сол болатын. Ол өзі менің үлкен қыздарымнан небәрі 6 жас қана үлкен азамат. Мен келгенде қала әкімінің орынбасары болатын. Қай жұмысты тапсырсаң да тастай етіп орындайтын. Көп ұзамай облыс әкімі аппаратының басшысы етіп тағайындалдым. Бұрын кәсіпкерлікпен айналасқан азамат қой, талай жыл кезекте тұрған мамандарға пәтер әперді, ардагерлердің де жағдайын жасады. Тіпті ескі-құсқы машинамен жүрген департамент басшыларының көліктеріне дейін жаңартып берді.

Жаным тұрған оттай азаматты жанымнан жібергім келмесе де бағын байламадым. Оның өмірбаянында ауданда, ауылда, халықтың қайнаған ортасында қызмет істегені туралы дерек жоқ болатын. Бұл бүгін болмаса



орталығының Бас жоспарын ойдағыдай жасап шықты.

Қызылорданың жаңа орталығын сол жағалауға көшіру туралы идея алғаш рет менің ұсынымым бойынша сол Бас жоспардан көрініс тапты. Жер жағдайымен танысу үшін Бекмырза Қайыпұлымен бірге атқа мініп, сол жағалауды аралағаным әлі күнге дейін есімде.

Серік Салауатұлы да сенім үдесінен шықты. Үкімет кеңсесінде бөлім бастығы, вице-министр қызметтерін абыроймен атқарғаннан кейін, туған жеріне қайтып оралып, жинаған тәжірибесін ел игілігіне асыруда.

Сол кездегі жас азаматтардың генераторы Мұрат Абдуламұлы Әбенов болды. Орысша, қазақшаға бірдей ағып тұрған, математикалық ойлау жүйесін менгерген бұл азамат та маған көп көмек жасады. Ұстаздар отбасынан шыққан, әскерде қызмет

қиын-қыстау кездерде халықты сабырға шақырып, ел ішінде береке-бірлік орнатуға зор еңбек сіңірді. Бүгінде Бауыржан Жұмаханұлы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Мемлекет басшысының кеңесшісі деген биік лауазымды қызмет төрінде отыр.

Мақтанды деменіз, мен таңдаған азаматтардың ішінде осал біреуі жоқ. Бәрі сайдың тасындай. Бәрі мен Сырға келгенде танысқан жастар. Туған жері үшін жүрегін де, жанын да беруге әзір тұрған кілең ұлтжанды жігіттер. Егер менен кейінгі әкімдер дәл осы команданы 2-3 жыл сақтағанда, Қызылорда облысы сол кездің өзінде-ақ үлкен-үлкен биіктерді бағындырар еді. Өкінішке орай, олардың біразы қызметтен шеттетілді. Өз ісіне сенімді мықты мамандар жерде қалушы ма еді? Облыс әкіміне керек болмаса да, оларды Президент әкімшілігі, Үкімет, министрліктер мен ұлттық ком-

СЫР ЕЛІ – ЖҮРЕГІМНІҢ ТӨРІНДЕ



Жомарт күздің жәрмеңкесінде

Облыстық деңгейдегі басшылар ішінде менің бір ғана ежелгі досым болды. Ол – Орынбасар Әлжіков. Маған дейін облыс әкімінің баспасөз хатшысы болып қызмет атқарған, өнерге, әдебиетке жақын адам. Жақын ғана емес, республикалық деңгейде танылған сатирик-жазушы. Ол мәдениет саласын басқарды. Сол кезде денсаулығының сыр бере бастағанына қарамастан, өзіне тапсырылған жұмысты абыроймен орындады. Сыр елі қаламгерлерінің көптомдық «Сырдария кітапханасы» шығарылды. Арғы-бергі тарихтағы атақты жыршы, жырау, күйшілер шығармалары топтастырылған «Жырдария» музыкалық антологиясын шығару қолға алынды. Аз ғана уақыт ішінде Тұрмағамбет атындағы халық-аспаптар оркестрі қасакталды. Жаңа облыстық кітапхана құрылысы басталды.

Қызылорда облысы экологиялық қауіпті аймақта орналасқандықтан, бұл өңірде денсаулық сақтау ісіне, әсіресе арнаулы орта білімді медицина мамандарын даярлауға ерекше көңіл бөлінді. Сол кезде потенциалы зор маман, осы күнгі Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Шәріпбайқызы Әлназарова Қызылорда медициналық колледжінің директоры қызметіне тағайындалды. Ол кейін докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап, облыстың денсаулық сақтау департаментінің бастығы, облыс әкімінің орынбасары деңгейіне дейін көтеріліп, сенатор, министр дәрежесіне дейін өсті.

Сенсеніз де, сенбесеңіз де айтайын, 2007 жылы облыс орталығы саналатын Қызылорда қаласында мемлекеттік қалалық аурухана болған жоқ, ал бұрынғысы болымсыз қаржыға жекешеленіп кеткен екен.

Үкімет басшысы алдында осының бәрін қайта-қайта айта жүріп, 2008-2010 жылдағы республикалық бюджетке осы заманғы жабдықтарымен құралған қалалық аурухана, емхана, перинаталды орталық, облыстық балалар ауруханасы сияқты денсаулық сақтау нысандары енгізіліп, 2008 жылы бірқатарының құрылысы басталап та кетті.

– *Сол жылдары мектеп, балабақша салуда да біршама ілгерілеушілік болды ғой...*

– Дұрыс айтасыз. Экологиялық қауіпті аймаққа орналасса да облыс халқы үздіксіз өсумен келеді. Осыны ескеріп, 2008-2009 жылдары облыс аумағында 21 мектептің құрылыс жұмыстары басталды. Соның 11-і республиканың бюджет есебінен салынатын 1200 орындық іргелі мектептер еді.

Кейін вице-премьер болған Ербол Орынбаев дейтін біреу «Бұл мектептерде оқитын бала жоқ. Ертен қаңырап бос қалады» дейтін қаңқу сөз таратты. Қазір оқушыларымызға сол мектептердің өзі жетпей, тура сол елді мекендерде (бәрі облыс және аудан орталығында болатын) қаншама жаңа мектептер салынды.

– *Облыс экономикасындағы іргелі саланың бірі – кәсіпкерлікті дамыту ғой. Қандай кәсіпкердің еңбегін айрықша атап өтіңіз?*

– Ол жылдарда облыс экономикасының негізін мұнай өндірісі құрады. Ұмытпасам, 2008 жылы облыс 12 миллион тоннаға жуық мұнай өндірді, бірақ кеніштердің басым бөлігі әлдеқашан жекелендірілген қытайлық компаниялар меншігінде болатын. Ресейлік «Лукойлдың» үлесін «Торғай-Петролеум» арқылы Алик Серікұлы Айдарбаев дейтін кәсіби мұнайшы басқарды. Ол қытайларға үлгі-өнеге көрсетіп, әлеуметтік салаға көп жәрдем берді. Леспепады бостан-босқа жақпай, газ өндейтін зауыт та салып шықты. А. Айдарбаев кейін «Қазмұнайгаз» компаниясын басқарып, облыс әкімі деңгейіне дейін көтерілді.

Аймақтағы «Саутс-Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов та әлеуметтік салаға көп демеушілік жасады. Осындай қазақ кәсіпкерлігінің үлгісін көргеннен кейін қытайлық мұнайшылар да «Демеу» қорына молынан қаржы құя бастады.

Жергілікті кәсіпкерлер көшін Самұрат Жұманұлы Имандосов ағамыз бастады. Ол – жоқтан бар жасаған нағыз іскер, нағыз іс тетігін таба білетін қайраткер тұлға. Жемшөп қоры мол солтүстік облыста мал шаруашылығы, оның ішінде тауарлы сүт өндірумен айналысу оңай, ал Қызылорда облысында, оның ішінде Арал өңірінде мұндай кәсіппен айналысу қиынның қиыны. Самұрат аға соның көзін тапты.

Қызылорда облысына кейінгі келген сапарларымыңз бірінде өз көзіммен көрдім. Самұрат ағамыз сүтті бағыттағы асылтұқымды мал санын 3000 басқа дейін жеткізіп, сүт, айран, қаймақ, ірімшік, йогурт өндіретін зауытқа дейін ашып қойған. Іскерлік деп осыны айтса керек. Сәкенді ерекше қадірлеймін, нағыз Еңбек Ері болатын тұлға.

Жоқтан бар жасаған тағы бір азамат ретінде Абзал Жұмашұлы Ералиевтің есімін ерекше атар едім. Ол кәсібін жүргізіп ғана қоймай, апат аймағында орналасқан ауылшн гүлбақшаға айналдырды. Құрылты егу, оны өндіру, өңдеу және экспорттау жүйесін жасап, нағыз күріш кластерін қалыптастырды. Абзал деген есімін



Байқоңырлық қонақтармен бірге

толық ақтап, жұлдызы жанып Еңбек Ері атанды.

Қазір бәрін бірдей еске түсіру қиын болар, сол жылдары Сырдарияның арнасын реттеу мен құрылыс материалдары және керамикалық кірпіш шығарумен айналысатын «Мелиоратор» компаниясының басшысы Бердібек Сартайұлы Мыхановқа да алғысым шексіз.

Жол жөндеу саласында аса қымбат шетелдік техника алдырып, өңірдің тозығы жеткен жолдарын жөндеп, осы саланың дамуына зор үлес қосқан Мұрат Пірмағамбетұлы Үдербаявқа да ризашылығым мол.

Облыс экономикасын өрге сүйрейтін саланың бірі тау-кен өнеркәсібі болса, оның ішіндегі кен қоры кемес заманында барланған «Шалқия-цинк» комбинаты болуға тиіс еді. Сырдың іскер азаматтары кен өндіруді молайтып, құны 230 миллион долларға жететін жаңа кен байыту фабрикасын салуға кірісіп-ак кеткен болатын. Өкінішке орай, түрлісаяси ойындардың салдарынан кейін осы бір болашағы зор саланың жұмысы тұралап қалды.

Уран өндірісі саласында көп жұмыс атқарылды. Сол кездегі «Казатомпром» ұлттық компаниясының басшысы Мұхтар Жәкішев Сыр өңіріне көп көмек көрсетті. Шиелі ауданын шефтік қамқорлыққа алып,

компания есебінен бірнеше осы заманғы әлеуметтік нысан салып берді. Сырдария өзенінің Жаңақорған ауданы тұсынан үлкен көпір салып, оның ашылуына өзі қатысты. Мұндай жақсылықты ұмытуға болмайды.

– *Ресейге жалғз берілсе де, Байқоңыр қаласы облыс аумағында орналасты ғой. Олармен қарым-қатынас қалай болды?*

– Ол кезде Мемлекет басшысының арнайы Жарлығымен Президенттің Байқоңыр қаласындағы өкілі тағайындалатын. Атағы дардай болса да ол Байқоңыр мэриясы ғимаратынан 2-3 бөлме жалдап, сонда отыратын. Ашығын айтқанда, Байқоңыр мэрі оған өз қарамағындағы адамдай шекесінен қарайтын. Байқоңырда тұратын қазақтарға да ешқандай жағдай жасамады.

Оның бәрін білген Президент маған Қызылорда облысы әкімі қызметіне қоса Байқоңыр қаласындағы өкіл лауазымын да жүктетті.

Егер Байқоңыр мэрі бұрын түрлі желеулермен қызылордалықтардың қалаға кіруіне шектеу қойса, біз олардың өз әдісін өздеріне қарсы пайдаланып, қаладан шығуына тексеру қойды. Нәтижесінде ресейліктерге демалыс күндері Сырдариядан балық аулаудың өзі мұң болды.

Көпұзамай қала мэрі А.Ф.Мезенцев облыс орталығына келуге мәжбүр болды. Екеуіміз барлық проблемалы мәселелерді ашық талқылап, ортақ меморандумға қол қойдық. Бұл өзі генерал-майор шеніндегі, бірбеткей, бірақ айтқан уәдесінде тұратын азамат еді. Қиын түйінді мәселелерді шешуге заңға жетік Бейбіт Ғазизұлы Жүсіпов ағамыз көп күш жұмсады. Нәтижесінде Қазақстан қаражатына Байқоңыр қаласында 1200 орындық «Мектеп-балабақша» кешені мен перзентхана құрылысы басталды. Байқоңырдағы қазақтардың рухын көтеру үшін біз оның бас алаңында Сыр өнер шеберлерінің гала-концертіні өткіздік. Қала іргесіндегі Төретам мен Ақай тұрғындарының қалаға кіріп-шығуы оңайлатылды.

– *Мұхтар Абрарұлы, осындай іргелі істерге жетекшілік жасап, өзіңіз айтқандай Сыр елінің іскер, тегеурінді азаматтарын жұмылдырғаныңыз үшін Сізге үлкен рахмет! Қызылорда қаласының бүгінгі келбетін көре алдыңыз ба?*

– Әрине, облыс орталығының шырайы кірген сайын менің де мерейім тасып отырады.

басшылығына көздерінен от ұшқын-дап, жалындап жанып тұрған С.Кожаниязов және Н.Нәлібаев сияқты жас азаматтарды әкелдім. Сол 2007 жылы қаланың кіреберісіндегі саяжайлары тасқын судың астында қалды. Бұл жағдайлар Қызылорда тарихында бұрын да әлденеше рет орын алған оқиға ғой. Әйтсе де маған қатты әсер етті.

Дереу Мемлекет басшысына оқиғаның мән-жайын баяндап, Премьер-министрді облысқа шақырдым. Бір аптаның ішінде мол қаражат бөлініп, әрбір саяжайға, онда өсіп тұрған жеміс ағашы мен әр бұтасына дейін өтемақы төледік. Осының бәрін бір айға жетпейтін уақыттың ішінде аяқтап, су басқан отбасылардың бәріне қаланың іргесінен жер телімін бөліп, болашақ кенттің тұрғындарын сапалы ауызсу және электр энергиясымен қамтамасыз еттік. Тіпті көшелеріне дейін түсіріп, зейнеткерлер үйінің іргетасына дейін қалап бердік.

Апат ақпанда болса, біз наурызда жаңа елді мекенді салуға кірісіп кеттік. Кейін халық «Наурыз» деп атап кеткен сол жер қазір қала аумағындағы элиталық аудан саналады екен.

Су тасқынынан кейін облыс орталығын сол жағалауға көшіру идеясы туындады. Сол кезде жағалауда заңсыз, бейберекет құрылыс жұмыстары салына бастаған болатын. Бәріне тоқтау салып, сол жағалауды тазартуға кірістік. Қаланың Бас жоспары жасалып, оны 2008 жылдың басында облыстық мәслихат мақұлдады.

Сол қыруар жұмыстың басы-қасында әуелде қала әкімінің құрылыс, өнеркәсіп жөніндегі бірінші орынбасары, кейін облыс әкімдігінің аппараты басшысы ретінде Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев жүрді. Кейін Қызылорда қаласының әкімі ретінде сол жағалаудағы алғашқы ғимараттардың да іргесін өз қолымен қалады. Қаланы сол жағалауға көшіру идеясын ұсынған мен болсам да оны жүзеге асырып, бүгінгі жағдайға жеткізген Нұрлыбек Машбекұлы. Мұны ашық айтуымыз керек.

Қазір сол жағалауда мектеп, балабақша, оқушылар сарайы, музыкалық колледж, жастар орталығы, музейге дейін бой көтеріп, жұмыс істеп тұр. Жақында халықаралық турнирлер өткізуге жарайтын жаңа стадионға дейін ашылды. Енді осының бәрін игілігін облыс халқы, ең алдымен, жас ұрпақ көреді.

– *Барды бар деп айтқан пікіріңіз бен берген бағаңыз үшін рахмет! Бір емес, бірнеше Үкімет құрамында министр болған, Мемлекеттік хатшы қызметін атқарған қайраткер ретінде облыстың бүгінгі жетістіктерін қалай бағалар едіңіз?*

– Бағаны облысқа келген сапарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев берді ғой. Оны бәрінің естідіңіздер. Президенттен асырып кім айта алар дейсіз.

Мен Қызылордаға келген 2007 жылы облыс бюджеті небәрі 36 миллиард теңге ғана болатын. Бір жарым жыл ішінде біз оны 90 миллиардқа жуықтаттық. Егер бұған облыс аумағында республикалық бюджет есебінен салынып жатқан нысандарды қосатын болсақ, 100 миллиардтан асып түсті. Бұл сол кезде ғажап көрсеткіш сияқты көрінген.

Қазір аймақ бюджеті 851 миллиардқа жетті. Нағыз ғажап деген осы болады. Өңірлік өнім көлемі 3 триллионнан асқан. Бұл да орасан зор көрсеткіш.

Ел өсуінің басты көрсеткішінің бірі құрылыс болса, ол бір жыл ішінде қарқындап артқан. Осының өз-ақ көп нәрсені аңғартып тұрған жоқ па?

Жалпы дамыған мемлекеттердің бәрінде игілік атауды халық үшін жасалады. Егер 2008 жылы облыс халқы 700 мыңға енді ғана жуықтаған болса, биыл 846 мыңға жетті. Міне, Сыр елінің ең үлкен байлығы да, ең керемет құндылығы да қазақ халқына талай-талай қайраткерлер, ғалымдар мен өнер санлақтарын сыйлаған, айналайын, осы халық. Алтын құрсақ аналарымыз аман болса аймақ халқының миллионға жететін күні де алыс емес.

– *Ақжарылып айтқан әңгімеңізге үлкен рахмет, Мұхтар аға! Біздің газет оқырмандарына айтар қандай тілегіңіз бар?*

– «Сыр бойы» елмен бірге жасап келе жатқан еңселі газет қой. Қаншама айтулы қаламгерлерді, ақын, жазушыларды тәрбиеледі бұл басылым. Қалам ұстаған барша әріптестерге шығармашылық табыс тілеймін! Қаламға қызмет – халыққа қызмет.

Ал газет оқырмандарына өздеріңіздің ежелгі сырласыңыз «Сыр бойынан» ажырамаңыздар деймін.

Сұхбатты жүргізген
Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы»

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 4 қарашадағы №1078 Жарлығына сәйкес:
Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін наградталсын:



Фото: Ашық дереккөз

ІІІ ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІ

Еламанов Бекмырза Қайыпұлы – мемлекет және қоғам қайраткері. Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Сенаторлар кеңесінің мүшесі.

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІ

Сәрсенбаев Мұрат Абайұлы – «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. «Құрмет» орденінің иегері.

Бекжанов Әліби Бакытбекұлы – «Ер-Өлі» шаруа қожалығының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері.

ІІ ДӘРЕЖЕЛІ «ДОСТЫҚ» ОРДЕНІ

Сарачоглу Алған – «Акса Энерджи Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ

Еспенбетов Манарбек Нағымұлы – «Промстройсервис Е» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қазақстанның құрметті құрылысшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

Иманова Роза Сәдібекқызы – «Сәт-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қазақстанның құрметті құрылысшысы.

Саймағамбетов Оңғарбек Құрманайұлы – «Сейфуллин Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі.

Қозыбақов Исламғали Айтуарұлы – «Tau Group LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІ

Тұрсынбеков Марат Күмісбайұлы – «Қызылорда-Тазалығы» мекемесінің жұмысшысы. **Іздікұлова Азиза Ғажденбекқызы** – Қызылорда облыстық филармониясының режиссері.

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІ

Нұрбаева Махабат Мұсақызы – Қызылорда облыстық филармониясының әртісі. Тәжірибелі педагог, кәсіби музыкант.

Бимұратқызы Жанар – «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және инновация академиясының директоры.

Мырзабаева Гүлбану Елубайқызы – Қызылорда облыстық филармониясының бас балетмейстері.

Жолмырза Бакир Еркебұланқызы – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсоводы.

САПАР

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ

Швейцарияға жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация ауыл шаруашылығы, экология және инвестициялық ынтымақтастық бағытындағы маңызды кездесулерге қатысты.

Облыс әкімі Берн кантоны Үкіметінің төрағасы Кристоф Нойхауз, Дамыту директоры Симон Эндерле және Сыртқы қатынастар жөніндегі кеңесші Томас Мозермен кездесті. Кездесуде экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды.

Аймақтың Азия мен Еуропаны байланыстыратын көлік дәліздерінің бойында орналасқаны, ауыл шаруашылығындағы жетекші орны және жаңартылатын энергия көздерін дамытудағы әлеуеті таныстырылды. Өңірде қуаттылығы 89 МВт болатын 9 күн электр станциясы жұмыс істейді, сондай-ақ 300 МВт-тан астам жаңартылатын энергия жобалары жүзеге асырылуда.

— Қызылорда облысы — геогра-

фиялық тұрғыдан тиімді орналасқан, инфрақұрылымы дамыған және табиғи ресурстарға бай аймақ. Берн кантонымен өзара тиімді серіктестік орнату — біздің ортақ мүддеміз, — деп атап өтті Нұрлыбек Нәлібаев.

Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары Ардак Зебешев Швейцарияның күріш, бұршақ және өзге де дақылдарды өңдеу саласындағы жетекші компаниясы RBL Group SA Бас директоры Ханс Ремундпен кездесті. Тараптар ынтымақтастықты нығайту, озық технологиялар мен тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады.

Қызылорда өңірінің отандық күріш пен тұз өндірісіндегі жетекші рөлі, инвесторларға ыңғайлы әрі дайын инфрақұрылым ұсынудағы ерекшелігі де айтылды. Салықтық және кедендік жеңілдіктер қарас-

тырылғаны, инвесторлар үшін тартымды «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағының құрылғаны атап өтілді.

Делегация мүшелері Kanadevia Inova компаниясының Орталық Азия бойынша президенті Александр Силинмен кездесті. Онда тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және энергия көзі ретінде пайдалану бағытындағы бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндіктері қаралды.

Қазір өңірде 15 кәсіпорын тұрмыстық қалдықтарды жинау және қайта өңдеумен айналысады. Кореялық With You E&C компаниясы жылына 300 мың тонна қалдықты сұрыптау және қайта өңдеу зауытының құрылысын бастады.

Швейцарияға жұмыс сапары агроөнеркәсіп, экологиялық технологиялар және инвестициялық ынтымақтастық салаларында жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

ӨНІРАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ІСКЕРЛІКТІ ІЛГЕРІЛЕТЕДІ



Сыр еліне Жамбыл облысының делегациясы іссапармен келді. Сапардың мақсаты — өңіраралық әріптестікті нығайту, тәжірибе алмасу және өзара тиімді байланыс орнату.

Қонақтарды облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қабылдады. Кездесуде тараптар әлеуметтік және экономикалық бағыттар бойынша пікір алмасып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады. Делегация өңірдегі ірі жобалармен танысты.

Алдымен балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Мұнда бір мезетте 500, ал тәулігіне 3 мың оқушы бассейн, топтық жаттығу бөлмелері, көркем гимнастика және фитнес залдары, үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек және үстел теннисі залдарында жаттығады. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған.

Жамбылдықтар 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығында» болды. Қаза суәлетіне айрықша көрік берген бұл ғимаратта симфониялық,

эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттер, шығармашылық кештер мен түрлі қоғамдық іс-шаралар өткізіліп келеді.

Мұнан кейін делегация халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық Орталық стадионды аралады. Бұл спорт нысаны УЕФА талаптарына сәйкес салынған және заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Жалпы аумағы 20 мың шаршы метр болатын үш қабатты ғимаратта бокс, дзюдо, грек-рим және еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, таэквондо және ауыр атлетика залдары орналасқан.

Делегация мүшелері шағын өнеркәсіптік аймақтың жұмысын да көрді. Мұнда 8 өндірістік цех іске қосылып, азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар шоғырланған, 50-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылып, тұрмыс-тіршілікке қажетті тауарлар өндіруде. Кәсіпкерлерге өз жұмы-

сын бастауға «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жылдық 3 пайызбен 157 млн теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл — кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралардың нақты көрінісі.

Қонақтар Сырдария өзенінің сол жағалауындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің жұмысымен де танысты. Мәдени нысан облыс бюджетінен үнемделген қаражат есебінен бой көтерді. 85 жылдық тарихы бар облыстық музейдің бұған дейін типтік үлгідегі ғимараты болмаған. Жаңа музейде 12 экспозициялық зал халыққа қызмет көрсетуде. Қазіргі уақытта музей қорында 70 мыңға жуық тарихи экспонат сақталған. Оның 25120-сы түпнұсқа. Қордағы құнды экспонаттар археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми негіздемелеріне сүйеніп жасалған алтын киімді «Шірік Рабат сақ жауынгері», алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы», алтын қылышты «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» тарихи реконструкциялары ғылыми айналымға енгізілді.

«СБ» ақпарат

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Жұмабек ЕМБЕРГЕНОВ,
облыстық мәслихат депутаты:

ЕЛ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосып жүрген белсенді депутаттардың бірі — Жұмабек Ембергенов. №7 сайлау округінен Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып сайланған азамат елмен етене еңбек етуде. Аманат арқалаған азаматпен сұхбаттасудың сәті түсті.



— Жұмабек Әнімұлы, сұхбатымызды Мемлекет басшысының Сыр өңіріне жасаған сапарынан бастасақ...

— Өзіңіз білетіндей, Президенттің аймаққа бұл жолғы сапары тарихи сапар болды. Атқарылған жұмысты оң бағалаған Мемлекет басшысы облыстың даму қарқыны жоғары екенін айтты. Бұл — ортақ абырой және облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының табанды еңбегінің, ел-халықтың бірлесе атқарған жұмысының жемісі. Сондықтан осы қарқынды бәсеңдетпей, өңірдің әлауқатын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыруымыз керек.

— Депутат ретінде қандай өзекті мәселелерді шешуге атсалысып жүрсіз?

— Жетістік ортақ болғаннан кейін өңірдің өзекті мәселелері де ортақ. Әріптестерімізбен бірге облыстық мәслихат сессиялары мен тұрақты комиссия отырыстарында тұрғындарды өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін мәселелерді шешу мақсатында ұсыныстар енгізіп, оның орындалуына өзіміз де атсалысып келеміз. Мен Сырдария ауданынан сайланғандықтан, аудандағы елді мекендерді газдандыру, жол жөндеу, әлеуметтік нысандарды күрделі жөндеуден өткізу, жаяу жүргіншілер жолын салу секілді мәселелерге басымдық беремін.

— Облысқа өте жақын орналасқан ауданның ең өзекті мәселесі ретінде нені айтар едіңіз?

— Замандамыз, қоғам жаңарған сайын сұраныс та, талап та артады. Бұл — заңдылық. Ауданда бүгін-ертең шешіlmесе болмайтындай аса өзекті мәселе жоқ. Бірақ біз бюджеттің мүмкіндігіне қарай ең бірінші кезекте ауылдарды газдандыруға ерекше мән береміз. Бұл «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында да бар. Жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде. Мысалы, соңғы жылдары Терезекент, Қалжан ахун, С.Сейфуллин, А.Токмағанбетов, Н.Лиясов ауылдары газға қосылды. Жақын күндері Шаған ауылы «көгілдір отынның» игілігін көрмек. Әрі қарай басқа да ауылдарға газ тартылады. Депутаттық сауалдарым мен ұсыныстарымда елді мекендерді газдандыру, жаңа өндіріс орындарын ашу, электр желілерін жаңарту, автомобиль жолдарын жөндеу, жаяу жүргіншілер жолын салу, абадтандыру мен қоше жарығын орнату секілді мәселелерді шешуге басымдық беріп отырмын.

— «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы туралы толығырақ айтсаңыз...

— Сайлауалды бағдарламада сайлау алдындағы халықпен кездесулерде түскен ұсыныс-пікірлер жинақталып, бекітілген. Оның әр тармағына, сапалы әрі уақытты орындауына облыстық мәслихаттың фракция мүшелерінің бәрі бірдей жауапты. Сондықтан басқармалардың есебін тыңдаған кезде бірінші кезекте сайлауалды бағдарламаның орындалуын талап етіп, сұраймыз. «AMANAT» партиясы Сырдария аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы ретінде комиссия мүшелерімен бірге сайлауалды бағдарлама аясында іске асып жатқан нысандарға мониторинг жасап, талдап-таразылаймыз. Үкіметтің ерекше қолдауымен облыс бюджеті 851 млрд 300 млн теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталып отыр. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 млрд теңге болса, биыл 207 млрд теңгеге жетіп, 4,5 есе артты. Мұның бәрі сайлауалды бағдарламаны орындауға негіз болады.

— Халық сайлаған депутат ретінде облысымыздың дамуын қалай бағалайсыз, тұрғындардың пікірі қандай?

— Депутат — халықтың өкілі, халық пен билік арасындағы алтын көпір. Сондықтан халықпен етене жақын араласып, пікірлесіп, олардың ұсыныстарын қаперге алу — басты мақсат санаймыз. Сосын қазір атқарылып жатқан жұмыстың

бәрі халықтың көз алдында. Бұрын сырттан қонақтар келсе, көрсетіп, таныстыратын көрнекті 3-4 жер ғана бар еді. Ал қазір бір емес, бір апта, тіпті бір ай аралатуға болады. Облыс орталығындағы жұмыстың қарқыны өте жоғары. Аудандарда да нақты істер атқарылуда. Мұның бәрі — аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының жасапмаз идеяларының, еңбегінің жемісі. Оны кешегі сапарында Мемлекет басшысы атап өтіп, жоғары бағалады. Сол себепті мен де осы елдің азаматы, тұрғыны ретінде облысымыздың дамуын жоғары бағалаймын.

— Қиғаштықты жиі қабылдау өткізесіз?

— Облыстық мәслихатпен келісілген қабылдау кестеміз бар. Бірақ біз елдің ішінде, ауданда тұрғаннан кейін азаматты жоспардан тыс қабылдай береміз. Бұрын қабылдауға талап-тілек айтып келетіндер көп еді. Қазір бірлі-жарым ұсыныстар айтады және үлкен кісілер атқарылып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдіріп келіп жатады. Жалпы айтқанда, жеке және заңды тұлғалар өкілдеріне арнап айына 2-3 рет қабылдау өткіземіз.

— Қазір жасар мен жасөспірімдер мәселесі өзекті. Депутат ретінде жасарға арналған қандай жобаларға қолдау көрсетіп жүрсіз?

— Дұрыс айтсаңыз, қазіргі жастардың ойлау қабілеті де, арман-мақсаты да бөлек. Жұмыс барысында жастармен жиі кездесемін. Сонда аңғаратыным, жастар цифрлық жүйелерге жіпсіз байланғандай. Оның жақсы жағы да бар, жаман жағы да бар. Бірақ біз ұлттық кодымыздан жаңылмауымыз керек. Мемлекет басшысы зияткер ұлт қалыптастырудағы төте жолы ретінде кітап оқу мәдениетіне көңіл бөлу қажеттігін үнемі айтып келеді. Сырдария ауданында бірнеше жылдан бері оқушылар арасында «Кітап оқы да кемелден!» атты дәстүрлі байқау ұйымдастырылып келеді. Осындай байқауларға, жақсы жобаларға қолдау көрсетуді азаматтық парызым санаймын.

— Жыл қорытындылануға жақын қалды. Депутаттық корпус-тың жұмысын қалай бағалайсыз?

— Өңіріміздің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етілді, республикада алдыңғы қатардамыз. Биыл облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асады. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 1 трлн 600 млрд теңге инвестиция құйылса, осы жылы 720 млрд теңгеден астам инвестиция тартылмақ. 2025-2028 жылдары құны 2 трлн теңгеден асатын 89 инвестициялық жоба аясында 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Сыр өңірінде 2022 жылдан бері 200-ге жуық халыққа қажетті әлеуметтік нысан салынып, тұрғындар игілігіне берілген. Сондай-ақ 1 600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 144 млрд 775 млн теңге бөлінді. Биыл жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 95 пайызға жетеді. Қызылорда қаласында 70 көше қайта жаңғыртылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық елді мекен 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 83 пайызға жетті. Кейінгі жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Аудандарда алғаш рет 1,5 мыңға жуық жаңа пәтер жер-телерімізге берілді. Биыл 3 600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінген.

Елдің ынтымағымен және атқарушы органмен бірлесе атқарылған жұмыстың бәрін бір сұхбатта қамтып өту қиын. Десе де осы көрсеткіштердің өзі жұмыстың жүйелілігін көрсетеді.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Назерке ҚАЗЫБЕЙІЗЫ,
«Сыр бойы»

Қандай тұлға болмасын оның ата-тегі, дүниеге келген отбасы, өскен әлеуметтік ортасы, көрген тәрбиесі мен өнегесі оның болашағының негізін қалайтыны белгілі. «Жұлдыздар ішіндегі бірегей» Мұстафа Шокай Сыр еліне танымал Торғай датқа шаңырағында, би-болыс Шокайдың отбасында дүниеге келді, туасы зерек ауылдағы төрт жылдық медресені екі жылда бітіреді. Орыс қоныс аударушылары мен Ресей патшасының жергілікті шенеуніктерінің әділетсіздігін басынан өткізген Шокай баласының өз құқығын өзі қорғай алуы үшін әрі қарай орысша оқығанын қалайды. Мұстафа 1899 жылы үш жылдық Перовск училищесіне түсіп, оны 1902 жылы аяқтайды да, оқуын Ташкенттің ерлер гимназиясында жалғастырады. Орысша сауатын жап-жақсы жетілдіре түсіп, қоғамдық өмірге араласа бастайды. Түркістан өлкесінің орталығы Ташкентке жан-жақтан келген әртүрлі ұлт өкілдерінің өтініш-арыздарын шешуге қатыса отырып, жергілікті халықтың әлеуметтік теңсіздігін көзімен көріп, жүрегінен сезеді.

Мұстафа Шокай өмірінде Санкт-Петербург университетінің заң фа-культетінде оқуы ерекше маңызға ие болды. Ең алдымен, берісі Ресейдің, арысы Еуропаның білімі мен ғылымынан сусындады, алғырлық қабілетімен сол кездегі орыс қауымындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. Сондай-ақ оның саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуында Орталықтағы Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының жұмысына тартылуы, әсіресе І-ші Мемлекеттік думаның мүшесі, кейін «Алаш» партиясының негізін қалаған, Алашорда үкіметінің басшысы болған Әлихан Бөкейханның орны бөлек болды. Ұлы тұлғаның ұсынысымен Мұстафа 1916 жылғы қарашада Мемлекеттік думаның Мұсылмандар фракциясының Кеңесші бюросына қызметке орналасты.

Осылай Ресей орталығындағы бас-аяғы 6-7 жылға созылған уақыт Мұстафа Шокайдың нағыз саяси университетіне айналады. Бұған оның 1917 жылғы сәуірдің басында Петербургтен Ташкентке кетер алдында өзіне бұрыннан таныс, сол тұста Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Николай Семенович Чхеидземен кездескендегі әңгіме тақырыбы дәлел бола алады. Оның сұрағына байланысты Мұстафа Шокай Түркістан автономиясын құруға әзірлік жасап жатқанын айтады. Бұл сөзден шошынған Чхеидзе автономия елді дереу дербестікке, бөлінуге апаратынын айтқанда, Мұстафа орыс революцияшыл демократиясы ұлттардың бостандығы туралы талай жылдан бері көтерген ұранына берік болса, бөлінуден қорқудың реті жоқ екенін жеткізеді. Бұл, біріншіден, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының автономия үшін күресінің басталғанын көрсетсе, екінші жағынан, сол кездегі Ресейдің биік лауазымындағы кісімен осылай сөйлесуі Мұстафа Шокайдың саяси өресін, шынайы қайраткерлік болмысын танытқан еді.

Тағдыр Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілеріне ерекше қайраткерлікпен қоса шығармашылық қуатты да кем бермеген болатын. Медальдің екі бетіндей бұл қасиеттер Мұстафа Шокайға да тән еді. Әсіресе, жалынды жанр болып саналатын публицистика саласында туындылары әлемге танылған тұлғаның өзі өмір сүрген Кеңес дәуірінің қоғамдық тынысын тап басып шынайы тануымен, мәні мен мазмұнының байлығымен, айрықша батылдығымен, ерекше өткірлігімен сипатталады.

2012-2014 жылдары жарық көрген он екі томдық шығармаларының толық жинағына тоғыз тілде жазылған мыңнан астам мақалалары мен хаттары, түрлі құжаттар енген. Мақалалардың 502-сі орыс тілінде, 300-ден астамы түрік-шағатай, 130-ы француз тілдерінде болса, 30 мақала ағылшын, неміс, поляк, қазақ, өзбек тілдерде жазылған. Грузин тілінде де бір мақала бар. Бәлкім аударма болуы.

Мұстафа Шокайдың сонау Ташкентте 1917 жылдың маусымында шығып, 1918 жылғы сәуір айының ортасында жабылған «Бірлік туы» газетінің негізін қалауы әрі оның алғашқы редакторыболуы, Түркістанөлкесімұсылмандары Ұлттық орталығының бастамасымен 1917 жылдың сәуір айынан бастап шыққан «Улуғ Түркістан» газетінің редакция алқасына кіруі, бұл басылымдардың жұмысына белсене араласуы, оның ұйымдастырушылық және журналистік публицистік қабілетін танытатын алғашқы қадамдар болды. Осы тәжірибелер Кеңес үкіметі Түркістан Мұқтариятың жойып, өзін шет елге кетуге мәжбүр етіп, әуелі 1919-1920 жылдары Грузия Демократиялық Республикасында болғанда жетіле түсті. Мұстафа Шокай жергілікті бірнеше басылымдарға белсенді қатысып, өзі де газет-журнал шығарды. 60-тай мақаласы жарық көрді. Большевиктер Тифлисті басып алғаннан соң Түркияға ығысып, 1921 жылдың мамырында Францияға жетті. Парижде орналасқаннан соң берісі Түркістан, әрісі бүкіл түркі халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресіне кірісті. Енді өзінің ой-білім күшіне, қаламның ұшына жүгінді.

1921-1922 жылдары жалынды публицист «Воля России», «Слово», «Социалистический вестник», «LeTemps», «Orientet Occident» басылымдарына қатысып, өзі сонау Петербургтен жақсы танытын кешегі Ресейдегі Уақытша үкіметтің басшылары, қазіргі эмигранттар А.Ф.Керенский мен П.Н.Милоковтың «Дни» және «Последние новости» газеттермен тұрақты қатынасты бастап еді. Бұл қадамға баруға Мұстафа Шокайды екі жағдай мәжбүр етті. Оның бірі – күнкөріс қамы болса, екіншісі – әзір басқа күрес алаңының жоқтығы еді.

Арада қайшылықты жайлар жетіп жатса да, 1921 жылдан 1927 жылға дейін жоғарыда аты аталған газеттерде 150-дей мақала жарияланды. Алайда, Мұстафа Шокайдың орыс демократиясы өкілдерінің Түркістан ұлттық қозғалысына сенімді одақтас бола алмайтынына көзі жетеді. Оған негізінен А.Ф.Керенскийдің теріс көз-қарастары себеп болды. Сондықтан өз халқының мұңын мұңдап, жоғын жоктайтын Түркістан Ұлттық Ұйымының дербес басылымының қажеттілігін айқын сезінген Мұстафа Шокайға бұл бағытта Польшаның премьер-министрі болған Ю.Пилсудскийдің алға қойған мін-деттерінмен туындаған «Прометей» қозғалысы көмектеседі. Содан ТҰБ ұйымының шеші-мімен «Иени Түркістан» журналы 1927 жылдың маусым айынан 1931 жылдың қыркүйегіне дейін Стамбулда шықты. Мұстафа Шокай «Иени Түркістан» деген мақаласында: «Біз Түркістан өзін ұлттық бірліктің, ұлттық-мемлекеттік бір-ліктің символы ретінде, өзбектерге, қазақтарға,

/// МҰСТАФА ШОҚАЙ – 135

Жапон ғалымы, Хоккайдо университетінің профессоры, философия докторы Уяма Томохико Токио мен Мәскеу бірігіп, 2001 жылы шығарған Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты кітабына жазылған алғы сөзінде: «XX ғасырдың бас шенінде Ресейдің өз ішінде және оның төңірегінде Абдурашид Ибрагим, Мирсаид Сұлтанғалиев, Заки Валидов (Тоған), Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Махмуд Бехбуди, Абдурауф Фитрат, Файзулла Қожаев, Мехмед Эмин және тағы басқа көптеген мұсылман ұлы реформаторлары мен революционерлері шоғыры пайда болды» дейді де жаңа азат жолдан «Тіпті осы жұлдыздардың ішінде Мұстафа Шоқаев (1890-1941) немесе Шоқай бірегей орын алады деп жазып еді.




ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН ТҰЛҒА

қырғыздарға, башқұрттарға, түркімендерге, тәжіктерге ортақ үй ретінде, қазір жасанды ұлттық-мемлекеттік шекаралармен бір-бірінен бөлінгендердің барлығына мәдени орталық ретінде қайта тірілтеміз» деп жазды.

Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымы жұмысының Еуропаға ауысуы «Иени Түркістан» журналымен қатар жаңа басылымды қажет етеді. Ондай басылым «Яш Түркістан» журналы болды. Көлемі жағынан шағын болғанымен бүкіл түркі жұртының азаттығы мен тәуелсіздігін ту еткен 1939 жылдың тамызына дейін жарық көрген журнал Мұстафа Шокайдың шығармашылық жұмысына ерекше қарқын, айрықша мазмұн берді. Ол осы журналдың тұңғыш «Біздің жол» атты мақаласында: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бүзбай, күшін әлсіретпей, «Яш Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» деп жазды.

түсінігін тану мақсатында Мұстафа Шокай 1924 жылдан 1933 жыл аралығында Лондонда алты-жеті рет болды. Корольдік Халықаралық қатынастар институтында жасаған баяндамасына берілген алғыс хатта институт кеңесінің төрағасы Н.Малькольмнің: «Күрметті Шоқаев мырза! Сіздің «КСРО және Қытай Түркістаны» атты тақырыпта жасаған баяндаманыз үшін Корольдік Халықаралық қатынастар институты кеңесінің атынан алғысымды білдіремін. ...Сөйлеген сөзіңізге тыңдағандар шын ықылас қойып, риза болды» деуі Мұстафа Шокайдың халықаралық өмірдің сұңғыла сарапшысы ретінде танылуы болатын.

Бір ескеретін нәрсе – Мұстафа Шокай Халықаралық тақырыптардың қандайына қалам тартса да туған елі, Түркістан өңірін әсте есінен шығармайды. 1932 жылы жарық көрген «Қиыр Шығыста» атты мақаласында «Біз мейлі Қиыр Шығыста болсын, мейлі басқа бір жақта болсын, қашан да Ресейдің беделі түсіп, жеңілістерге тап бола беруді күтеміз» деп



«Яш Түркістан» журналында жариялан-ған мақалаларында Мұстафа Шокай Ресей үкіметінің отарлық саясаты, осыдан туындаған проблемалар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, Алаш қозғалысы, Түркістан Мұхтарияты, басма-шылар көтерілісі, большевиктердің ұлттық аймақтардағы өрскел саясаты жан-жақты қатан әшкереленді. Азаттық пен тәуелсіздіктің туын биік көтеруімен бірге оларға жетудің жолы, алда тұрған саяси мұрат пен мақсат нақты қойылды. «Яш Түркістанның» бес жылдығына (1934 ж.) орай жазған мақаласында Мұстафа Шокай «Қазір «Яш Түркістанды» оқымайтын Түркістан эмиграциясының бірде-бір ошағы жоқ. Араб елдерінен, Түркиядан, Персиядан, Үндістаннан, Ауғанстаннан, Қытайдан, Қиыр Шығыстан және басқа да елдерден түсіп жатқан хаттар «Яш Түркістанның» таралым ауқымына, оған үлкен құрметпен қарайтынына толық дәлел бола алады» деді. Егер бұл журналды түрлі елдердің жиырмалан астам қоғамдық ұйымдары мен жеке адамдар алып отырған болса, оның 885 данасы 19 мемлекетке және Мәскеу, Тифлис, Баку және Түркістанға тараған болатын.

Өз кезіндегі халықаралық жағдайды жетік білген МұстафаШокайшығармашылығының1920 жылдардан бастау алып, ал 1930 жылдан кейін негізінен орыс, француз, ағылшын, неміс, поляк және түрік-шағатай тілдерінде жазылған 150-дей мақаласында Англия, АҚШ, Аустрия, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Польша, Палестина, Франция, Чехославакия, Шығыс Түркістан, т.б. елдердің сыртқы саясатына, жалпы халықаралық өмірдің өзекті мәселелеріне саяси сараптама жасады. Ыстамбұл, Париж, Берлин, Варшава, т.б. қалалардың тиісті мінбелерінде сөз сөйлеп, большевиктердің түркі халықтарына жасаған озбырлық саясатын барынша әшкереледі. Бұл материалдардан, бейнелеп айтқанда, автордың Жер шарын алақанға салып, ондағы мемлекеттер жағдайын көріп отырғанындай әсер аласын. Тіпті сол мемлекеттің астанасында отырып, бар мәліметті қолында ұстап отырғандай сезінесің.

Батыс елдерінің кеңестік кезеңдегі Түркістан мәселесін қандай дәрежеде білетіндігі мен

жазуы тегіннен-тегін емес. Өйткені орыс-жапон соғысында Ресейдің жеңіліске ұшырағаны оның тепкісіндегі елдер үшін орасан зор жеңілдіктер әкелген болатын.

Мұстафа Шокайдың қайраткерлігі мен білімпаздығы, адалдығы мен әділеттілігі, мәмілегерлігі мен шешендігі эмиграциядағы Ресей, Әзербайжан, Грузия, Кавказ, Украина, Еділ-Орал, Ресей өңірі халықтарының жетекшілерімен, Қытай, Ауғанстан, Иран, Жапония, Сауд Арабия-сы, Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Голландия, Франция, Германия, Польша, Мысыр және тағы басқа елдердің саяси, қоғам қайраткерлері және шығыстанушы ғалымдарымен, Өзбекстан мен Қазақстандағы туыстары және жолдастарымен, барлығын есептегенде жүз қаралы кісімен түрлі тілдегі, түрлі деңгейдегі, түрлі наным-сенім мен ұстанымда жазысқан хаттарынан айқын байқалады.

Көптеген хаттар мазмұнынан замандас-тарының Мұстафа Шокайды Орталық Азияның бірден-бір маманы ретінде танып, одан кейбір дереккөздерді анықтағысы, тереңірек білгісі келгені байқалады. Пенсильванияда (АҚШ) тұратын Д.Федоров Уайт 1936 жылы 28 ақпанда жазған хатында орыс отарындағы Түркістан тарихы туралы кітап жазумен шұ-ғылданып жүргенін, соған байланысты мате-риалдар, кітаптар сұраған болатын. Мұстафа Шокай 1936 жылы 19 наурыздағы жауап хатында Түркістан туралы кітаптардың барлығы, бірақ отарлық жағдайдағы қарым-қатынастардың су-бъектісі ретінде Түркістан туралы кітаптың табылмайтынын, көтеріліп отырған тақырыптың өте қызық екенін атап көрсетіп, күнделікті жұ-мысының көптігіне қарамай, мүмкіндігінше хат иесінің талабын қанағат-тандыруға тырысатынын айтқан еді. 1938 жылғы 17 мамырдағы хатында «Прометей» басшыларының бірі, эмиграциядағы әзербайжандық қайраткер Мұстафа Векилиі атқасына: «Кавказ бірлестігіндегі» жікшілдіктерге тоқталып: «Біздің ұлттық күштерімізді біріктіру туралы мәселеде Сіздің көмегіңіз бен қол-дауыңызды күтемін. Себебі біздің ісімізге Сіздің жаныңыздың ашытынын білемін» деп жазып еді. Бұл пікір Мұстафа Шокайдың эмиграциядағы

мұсылман эмигранттарының көшбасшысы екен-дігінің нақты дәлелдері болатын.

Мұстафа Шокай Францияда жиырма жылдан астам саяси қызмет үстінде кейде әділеттілік үшін айтысқа да барған, көзбен көргені де, ойға түйгені де мол, түркі тектес эмигранттардың кемел көсемі ғана емес, түйінді сөздің шешені де болды. Бұған энциклопедиялық білімдар тұлғаның Кеңес үкіметінің ұлттық саясаты, Түркістанның азаттығы үшін күрес, ұлтшылдық, шовинизм, автономия, тәуелсіз ұлттық мемлекет, олардың мәні мен мазмұны, оларға жетудің амалдары мен жолдары, қоғамдағы саяси қайраткерлер мен зиялы қауымның орны, оларға қойылатын талап-тілектер, т.б. тақырыптар туралы саяси әлеуметтік ой тұжырымдары мен нақыл сөздері толық дәлел бола алады.

Тәуелсіздік Мұстафа Шокайдың бүкіл саяси қызметі мен шығармашылық мұрасының негізгі тақырыбы болды. 1929 жылдың аяғында дүниеге келген, Түркістан азаттығы үшін күрестің жалынды туына айналған «Яш Түркістан» журналының тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты мақаласында күрес былайша тұжырымдалды: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұрты-мыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды». Бұл ойлар әрі қарай жетілдіріле, дамытыла түсіп: «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық деседі. ...Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп күрес мақсатын айқындады.

Осы аса қасиетті ұлттық мемлекет туралы мұратты Мұстафа Шокай 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арналған сөзінде: «Түркістанның мақсаты – өзінің құрылысы – миллет үкіметін құрып, дербес боп, өз алдына бір өкімет болып тұру» дей келе, «Түркістанды» былайша керемет бейнелеген болатын: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уозифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, тар халық».

Мұндай қажеттілік неден тулды деген сұрақтың болуы заңды. Мұстафа Шокай бұған да барынша толық және жан-жақты жауап берді. Большевиктер орнатқан Кеңес үкіметінің ұлттық саясатының өзіндік сипаты мен себептерін, негізгі мақсатын терең түсінген саясаткер «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» атты мақаласында «Дүние жүзінде Түркістан-нан басқа да көптеген елдер бар. Ол жерлерде де үстем ұлттың озбырлығынан жәбір шеккендер аз емес. Алайда дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтардың тарих әлі көрген жоқ» деп Ресей отарлығының өзгеден ерекшелігін ашып көрсетті. Әуел бастан қанағатсыз болып жаратылған Ресей туралы «Қиыр Шығыста» деген мақаласында: «Ресей – дүние жүзінде ең қомағай, есқашан тойымы жоқ мемлекет. Ең жерді қанша көп иемденсе, соншалықты араны ашыла түседі. «Табет тамақ үстінде ашылады» деген мақал Ресейдің осындай ашкөздігіне байланысты шыққан десе де болады» деп жазды.

Мұстафа Шокай Тәуелсіздік үшін күрестің стратегиялық мұратын айқындап қоймай, оған жетудің тактикалық жолдары мен амал тәсілдерін көрсетіп, оны тұрақты толықтырып отырды. Бұл «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» деген еңбекте былайша бейнеленді: «Бәрінен бұрын өз қатарымызды, түркістандық бірлігімізді күшейтейік.

Түркістанның жудырықтай жұмылған ұлттық бірлігін Ресейден айырылу үшін күресіп келе жатқан басқа халықтардың ұлттық майдандарымен тығыз үйлестіре отырып, орыс империализміне қарсы қуатты күш ұйымдастырып, бірге қимылдайық». Бұл мақалада тағы да мынадай мәнді тактикалық мәселелерге де көңіл аударылды: «Орыс империализміне қарсы күрес майдандағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алааламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады...». Сонымен қатар табиғатында соғысты сүйейтін, азаттық үшін күрестің бейбітшілік жолымен ғана болуын ойлайтын автор: «Мұндай күрес, әрине, ұрыс соғыс түрінде емес, түсіндіру, иландыру, ұлттық ар-намысты ояту арқылы жүргізілуі тиіс» деді.

Мұстафа Шокай ұлттық тәуелсіздікті тіке-лей халықтың ұлттық рухымен байланысты, ажырағысыз қарады, олардың себебін, даму үдерісін тәуелсіздіктің орнауымен түсіндірді. «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деді. Және ұлттық рухтың шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатынын терең таныған қай-сар тұлға халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығын ұлтшылдық қозғалыстың нәтижесі ретінде санады.

Осы сәтте Мұстафа Шокай «Ұлттық зиялы» атты мақаласында аса бір маңызды мына бір ойларға назар сала кетейік: «Батыс білімін» «Шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды. Біздіңше, дүние тарихында бұрын-соңды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері – Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін (Mentalitet) сәтімен үйлестіре алуында жатыр».

Жүрегі ғілім, Түркістанмен, сүйікті халқым деп соққан, Шығыс пен Батыстың білім-ілімін қос қанат еткен жалынды публицист, тамаша тарихшы, қайсар қайраткер, халықаралық дең-гейдегі саяси сарапшы бірнеше тіл білген Мұстафа Шокай әлем айдынына еркін жүзді. Энциклопедиялық білімдар тұлғаның артында қалған, мәңгі өлмейтін идеялары мен ой-тұжы-рымдарын бойымызға қуат ете алсақ, бүгінгімізді байыттып, келешегімізді кемелдендіруге қосар үлесіміз мол болар еді.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдардың докторы,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің профессоры

АРАЛ ӨҢІРІНІҢ АЙНАСЫ

Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы «ахлаықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп анықтама берген баспасөз қазі кезде де маңызын жойған емес. Халық пен билік арасындағы алтын көпір рөлін абыроймен атқарып келе жатқан Арал өңірінің айнасы – аудандық «Толқын» газетінің жарыққа шыққанына биыл 95 жыл толып отыр. Мерейтой аясында аудандық мәдениет үйінде рухани заманұны терең салтанатты мерекелік шара өтті. Оған қатысушылар алдымен газет тарихынан сыр шертіп көрмемен танысты.

Мерекелік кешке аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев қатысып, басылымның тарихына тоқталып, ел өміріндегі айрықша рөлін атап өтті.

– Халықтың үні мен кұлағы болған унжария әуелде «Екпінді балықың» аталып, алғашқы саына филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Кынратбаев кол койған тарихтан белгілі. Биыл айтулы қаламгердің 120 жылдық мерейтойы қатар тойлануда. Газет қай кезде де өз бағытынан айнымай елдің тәрбие құралына айналды. Атағы жаһанға танымал Аралдың әр перзентін елін сүйеге баулып, көптеген аса мақтанаштарын қалыққа лаш етті. Араға жылдар салып, «Социалистік Арал», артынша «Толкын» болып тулаған басылымталай таланттың екінші тынысын ашты, жас буынды тәрбиелеудің көркем үлгісін көрсетті. Бүгінде ақсақалдық жастың асуына иек артқан аудан шежіресі үлкен-кішінің рухани қолдаушысы бола беретіні анық. Әрдайым осы биіктен көрініп, бейнелі сөзбен әдебиет көгінде жарқырай берсін! – деді аудан басшысы.

Кеш барысында газеттің алғашқы редакторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың ұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тынысбек Әуелбекұлына аудан әкімінің құттықтау хаты табысталып, қазакүр дәстүрмен иығына шапан жауып, құрмет көрсетілді. Сонымен бірге



жергілікті суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Берік Бекешовтің картинасы тарту етілді.

Мұнан соң аудандық «Толқын» газетінің бас редакторы Айдар Сағалов бастаған шығармашылық ұжымға Қызылорда облысы мен аудан әкімдерінің құттықтау хаттары және естелі сыйлықтары тапсырылды. Мерейтой аясында басылымда ұзақ жыл еңбек етіп, қолтаңбасын қалдырған ардагерлер мен қызметкерлер облыс және аудан әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Кеш барысында профессор Тынысбек Қонартабаев толғанасына толыс-тебін жеткізді. Ал айтыскер ақын Ержаніс Әбді «Толқын» газетінің мерейтойына арнау айтып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ «Ақтоқпал» бал тобының өнері, жас орындаушылардың ән-күйі, №260 мектеп оқушыларының «Қағазға түскен тағдырлар» атты сахналық көрінісіне көштің көркің аша түсті. Шаба аудан

өнерпаздарының мерекелік концертіне
ұласты.

Мерейтой аясында «Толқын» газетінің 95 жылдығы мен қазақ әде-

биетінің өрнекті өкілі, ғалым, ұстаз Әуелбек Қыңыратбаевтың 120 жылдығына арналған ақындар мүшайрасы өтті. Ашылу салтанатында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бауыржан Махатов құттықтау сөз сөйледі. Мүшайраға 11 ақын қатысып, шығармаларын оқыды. Сөз маржанын теріп, додаға түскен ақындар арасынан бас жүлде аралдық Дархан Аманжолұлының еншісіне бұйырды. І орынды Қазалы ауданынан келген Алжол Түменбай иеленсе, ІІ орынның жүлдесі қызылордалық ақындар Аружан Оралбай мен Нұрғұлы Төлеубайға табысталды. ІІІ орынды Оңталап Жолдасов, Алтынбек Қыстаубаев және Ұлықбек Бекзақұлы иеленді. Сонымен қатар Зейнолла Шүкүров аттыдағы арнайы жүлдені шиешілік Атыған Ержігіт қанжығасына байлады. Жүлделі орын иелеріне қаржылай сыйлықтар мен дипломдар табысталды.

Мерейтой бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында ұйымдастырылған шағын футболдан облыстық турнирмен айышталды. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Нұрмұхамет Бохаев, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат

Аралбаев турнир қатысушыларына сәттілік тіледі. Тартысты доп додасына 5 команда қатысып, қорытындысында жүзделді І орынды «Сыр медиа» командасы иеленсе, ІІ орын «Меншікті тілшілер» командасына бұйырды. Ал ІІІ орынға «Қызылорда-2» командасы лайық деп танылды. Ойынға белсене қатысқанды үшін «Толқын 95», «Қызылорда-1» командалары ынталандыру сыйлығына ие болды. Ойын барысында жеке шеберлігімен көзге түскен ойыншыларға, атап айтқанда, «Сыр медиа» командасының қақпашысы Абзал Жолтөрекеске «Үздік қақпашы», «Қызылорда-1» командасының шабуылдаушысы Нұржан Батыршаевқа «Үздік сұрмерген», «Сыр медиа» командасының ойыншысы Ерасыл Шәрібекке «Көрермен көзайымы», меншікті тілшілер өкілі Шыңғыс Амангелдіге «Үздік ойыншы» номинациялары табысталды. Жеміспіз және жүлдегер командалар кубок, медаль, диплом және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Ғасырға жуық уақыттан бері теңіз жағасындағы жұрттың шежіресін тасқа басып келе жатқан басылымның тағы бір белесі артта қалды.

«СБ» ақпарат

 СЕМИНАР

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙШЫҚТАРЫ ҰМЫТЫЛМАУЫ ТИІС

ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған

ЮНЕСКО халықаралық ұйымы жанындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жанерке Шайғазова өмірдің бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында профессор халқымыздың мәдени мұрасын терең зерттеп, зерделеп, оның ішінде жойылып бара жатқан колөнерді сақтау қалу, әрі қарай дамыту және жас ұрпаққа үйрете отырып, сабақтастық тәсілін жалғастыру мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен материалдық емес мәдени мұра элементтерін бірте-бірте оқу процесіне енгізудің маңызын жайында ой-пікірін бөлісті.

Оның айтуынша, бүгінде Қазақстан Республикасы материалдық емес мұраларының ұлттық тізімінде 79 пункт бойынша дәстүрлі құндылықтар қамтылған.

Жүздесуде БАҚ өкілдеріне ұлттық колөнерді кеңінен насихаттап, әсіресе, ел ішінде жойылып бара жатқан колөнер шеберлерінің еңбегіне баса назар аударып, олардың әрбір бұйымды әзірлеудегі әдіс-тәсілдерін бүгінгі ұрпаққа жеткізу бағытында ақпараттық қолдау көрсету ұсынылды.

Дәлірек айтсақ, ел аумағында материалдық емес мәдени мұралар туралы контент жасау және тарату, деректерді фильмдер, телебағдарламалар, подкасттар, мақалалар, арнайы жобалар жасау маңызы болып отыр. Бұл орайда шеберлер, орындаушылар, фольклорлық ұжымдар, салт-дәстүр сақтаушыларымен әңгімелесіп, дәстүрдің шығу тегі мен ұлттық танымаға негізделген маңызы, қазіргі қоғамдағы рөлі туралы материалдар жариялау — халықаралық жобаның басты талаптарының бірі.

Сөзінің арасында профессор Жан-ерке Наурызбайқызы халықаралық



ұйымның қолдауымен Сыр өңірінде дәстүрлі түрде аталып өтетін «Қорқы және Ұлы дала» фестивалі өте сәтті жүзеге асырылып отырған жоба екенін атап өтті. Сол секілді, елімізде нақтыланған материалдық емес мұраларының ұлттық тізімі бойынша ЮНЕСКО халықаралық ұйымы бастаманы енгізді, әрі қарай жергілікті билік тарапынан жалғасын табуы тиіс.

Шеберлер мектебі жұмысын бастады

Қаладағы С.Айтбаев атындағы көрмеустер галереясында қазақ халқының көне көлөнері түкті кілем төкестүрін жаңғыртуға бағытталған шеберлер мектебі ашылты, жұмысы бастады. ЮНЕСКО-ның материалды емес, мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясы аясында қолға алынты отырған тый бастама халқымызды ғасырлар бойы қалыптасқан көлөнері сақтау, дамыту және жаңа буюы шеберлерін даярлауды мақсат еті отыр.

ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комиссиясының мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты

профессор Жанерке Шайгөзова қол-
өнердің мәдени мұра ретіндегі құн-
дылығына тоқталып, дер кезінде қолға
алынған бастаманың өз деңгейінде

жалғасын табатынына сенім білдірді.

— Бүгінгі ашылып отырған шағын ғана шеберлер мектебі әрі қарай үлкен жобалармен жалғасын табады. Жобаның мазмұны терең зерттеліп, талдау жасалды. Осылайша халықаралық ұйымның қолдауымен жүзеге асырылып отыр. Жасыратыны жоқ, қазір Сыр кілемін тоқуды білетін санаулы ғана адам бар шығар. Олардың әзі қарт әжелер, бірақ коләнерді әрі қарай жалғастырып отырған шәкірт жоқ. Бұл — ұлттық деңгейде назар аударатын үлкен мәселенің бірі. Сондықтан жобаның мақсаты кілем тоқу өнерін көркем еңбек пәнінің мүғалімдеріне үйретіп, сол арқылы оқушылардың қызығушылығын оятуға бағытталған, — дейді ол.

Ұлттық комиссиясының мүшесі Ж.Шайгезованың сөзінше, аталған жоба алты айдан кейін қорытындыланып, нәтиже бойынша арнайы таныстырылым жасау жоспарланған.

Алғашқы жұмысын бастаған ше-

берлер мектебіне тәжірибелі шебер,
ҚР Қолөнершілер одағының мүшесі
Кардығаш Ілиясова жетекшілік етеді.

Оның айтуынша, түкті кілем тоқу – халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен тығыз байланысты өнер. Кілем бетіне салынған өрнекте балалардың ойы, аналардың қолының табы, сонымен бірге, ұлттың эстетикалық талғамы бар. Жалпы кілем тоқу – шыдам мен шеберлікті, әсемдік пен дәлдікті талап ететін өнер. Сондай-ақ ауылдық жерлердегі көнеқаз қариялардың көмегімен түскізді, текемет басу технологиясын да жастарға үйретіп, қолөнерді жандандыруға назар аударылып отыр.

Ши тоқитын шеберлер жоқтың қасы

Ғалым Жанерке Шайғөзова бүгінде елімізде киіз үй құрастыратындар жок екенін, даһын киіз үй қарақалпақ елінен сатып алынатынын айтты. Тіпті киіз үйдің басқұр, бау-шуын, шит тоқитын да шеберлер жоқтың қасы. Бұл бірінші мәселе болса, екіншінен шикізат дайындау, яғни жүнді өңдеп, жіп иуру, оны табиғи әдіспен бояу мәселесі де өз алдына зерттеуді қажет етеді.

Айталық, қазіргі музей қорында сақталған колөнер бұйымдарының бірнеше жыл бойы түр-түсі өзгермейтіні таңғалдырады. Қалай десеніз, бұл – сапалы бояудың нәтижесі. Көнекөз колөнер шеберлерінің тәжірибесінде бояулар табиғи шөптерден дайындалады.

Жасырагыны жок, казир темірден түйін түйетін, ер-тұрман соғатын ұсталар жайлы да көп айтыла бермейді. Егер осындай ұсталар болса, олардың еңбегін кеңінен насихаттап, тәжірибесін таратуға көңіл бөлу қажет.

Қорыта айтқанда, ұлттық мәдениет айшықтары ұмытылмай, құндылықтар қорғалуы тиіс.



**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**